не, немен ажыратылады, ақиқатты және дәйекті білім нақты немен ерекшеленеді деген мәселеден туынды мәселе болып табылады. Сәйкестік бар сияқты болып көрінгенмен, ақиқатты және дәйекті білім, басты мәселеде сәйкес келгенімен, олардың маңызы зор айырмашылықтары да бар. Осыған байланысты «Ақиқат білімді басқаларға беру және олардың қолдануын ойламай, оны өзің үшін танып біліп, меңгерген болуың мүмкін. Дәлелдеу үшін бұл аз; өзің ғана біліп қоймай, алынған фактілерді растап, барлығы үшін сенімді етіп, оларға заңгерлік мән беру керек», - деп көрсетті А.Р. Ратинов [33, 296 б.].

Осыған байланысты процестік қызметте біздің біліміміз бен қорытындыларымыздың дұрыстығын растайтын және оларды тексеруге мүмкіндік беретін негіздемелердің, дәйектердің, дәлелдердің болуы міндетті ереже болып табылады. Тексерілетіндік – қылмыстық сот ісін жүргізуде қолданылатын білімнің айрықша белгісі, себебі дәлелдердің, дәйектердің, фактілердің көмегімен қандай да бір ойдың немесе шешімдердің дұрыстығын куәландыру, растау, негіздеу кең мағынадағы дәлелдеу болып табылады. Сондықтан қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін тергеп-тексеру және сот талқылауының мәні туралы ақиқатты ғана емес, сонымен қатар нақты білім қажет: дәлелдеу білімге анықтық сипатын береді. Дәлелдеу психологиясын қарастыра отырып, П.П. Блонский: «Сот процесінде айыптаушы мен қорғанушы дауласса да, дауласушылар бір-біріне емес, олардың ешқайсысы дауға түспеген судьяға дәлелдемелерін келтіреді... Дәлелдеу мақсаты – қарастырылып отырған жағдайды ақиқат деп тану: кімнің тарапынан осындай мойындауға қол жеткізу керек болса, соған дәлелдейді...» деп әділ көрсетеді [34, 42 б.].

Сонымен, дәлелдеу туралы айтқанда, осы процесс кімге қатысты және сол немесе өзге де жадайды дәлелдеу қажет болған адресат ескеріледі. Қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдеу адресаты таным субъектісі ғана емес (тиісті процестік инстанциялар), сонымен қатар жалпы қоғам болып табылады.

Тергеп-тексеру, барлық қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау процесі сияқты екі тараптан тұрады. Біріншіден, тергеп-тексерілетін оқиғаның мән-жайы туралы ақпарат алынады. Бұл тұрғыда қызметтің танымдық сипаты бар. Екіншіден, істің анықталған мән-жайлары заңда белгіленген нысанда расталады, құжатталады, куәландырылады. Бұл тұрғыда осы қызмет куәландыратын сипатқа ие.

Заң шығарушы процестік қызметті құжаттандыру және іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бекіту құралдарына тиісінше назар аудара отырып, осы процестің екі тарабын да жан-жақты регламенттеді (ҚР ҚПК 15-16 тараулары). Айтылғанға сәйкес қылмыстық процесте дәлелдеменің танымдық және куәландыратын жақтары бар, олар адам практикасының басқа салаларына қарағанда заң нормаларымен толықтай жан-жақты регламенттелген.

Дәлелдеудің қылмыстық-процестік тәртібі (тек заңда көзделген мәліметтер дереккөздерін қолдану, білім алудың және оны бекітудің міндетті рәсімі, қатаң нақты нысаны және т.б.) гносеологиялық және психологиялық

заңдылықтарды, қоғамдық практика жетістіктерін көрсете отырып, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін аса тиімді және дұрыс болып табылады. Осы процестік тәртіп ақиқатты және нақты білімге қол жеткізуге ықпал етеді, қабылданатын шешімдердің дұрыстығын, қоғамдық танылуын және тиісінше тәрбиелік тиімділігін қамтамасыз етеді [35, 9-10 б.].

Дегенмен дәлелдеу қылмыс сот ісін жүргізудегі барлық таным жолдарын жоққа шығармайды. Кейбір іске қатысты білім процестік емес жолдармен, процестік емес дереккөздерден алынуы мүмкін, бағдар беретін ақпарат деп аталатын түрдегі процестік емес нысанда бекітілуі мүмкін. Анықтау органдарының жедел-ізвестіру қызметі нәтижесінде алынатын ақпарат, баспасөз қызметтерінің және қоғам өкілдерінің хабарламалары, процестік әрекеттерді дайындау тәртібінде жүргізілетін іздеу іс-шаралары (жауап алу, қадағалау, заттарды, үй-жайларды, жергілікті жерлердің учаскелерін көзбен шолу және т.с.с) туралы сөз болып отыр. Бұл танымдық әрекет дәлелдеудің алдында немесе онымен бір мезгілде өте отырып, қосалқы, қамтамасыз ететін рөлді атқарады. Процестік емес ақпарат тергеп-тексеру бағытын дұрыс таңдауға көмектеседі, зерттелетін оқиғаның мән-жайлары туралы қажетті білімді ақиқатқа қол жеткізудің сенімді кепілдіктері бар процестік жолмен алу дереккөздерін және құралдарын көрсетеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі қандай да бір танымдық әрекеттерді тек табиғи қарауға, ал басқа бірін абстрактты ойлауға сөзсіз жатқызумен де келісуге болмайды. Ол бір жағдайларда тергеуші және судья ойламайды, тек қадағалауын жинақтайды және басқа бір жағдайларда сезінушілік ақпараттан айырылған «аса тиімді» таным нысаны болуы мүмкін деп санауға жол беретіндігі осындай көзқарастың нақты еместігі болып табылады. Сот танымында жекелеген нақты мән-жайларды тікелей қадағалау және логикалық қорытындылар мен бағалаулар бір жерде қатар қолданылмау керек деп жазған А. А. Старченконың пікірі де нақты емес деп санаймыз [36, 13 б.]. Кез келген таным процесіне тән әртүрлі танымдық нысандарды емес, әртүрлі процестік функцияларды бір жерде қатар қолдануға жол берілмеу туралы ғана сөз болуы мүмкін. Кез келген таным тікелей және жанама, яғни эмпирикалық және тиімді нәрсенің біртұтастығы болып табылады. Сәйкесінше дәлелдеу эмпирикалық және тиімді дәлелдеу деп ажыратылады. [37, 49-52 б.].

Бірінші дәлелдеу түрі нақты жағдайды куәландыру үшін дәлелденетін ойдың әділдігін растай отырып, затты тікелей қабылдап, оны басқа адамдарға ұсыну жеткілікті болып саналатын жағдайда орын алады. Мысалы, осылайша киімді қарап шығып, оны ұсына отырып, киімде ақау бар немесе жоқ екенін дәлелдеуге болады.

Тиімді, логикалық дәлелдеу ойлау объектісі қабылданбайтын, білім алу және оны куәландыру басқа заттар және олар туралы мәліметтер арқылы жүзеге асатын жағдайда орын алады. Дәл сол факт, яғни киімде ақаулардың болғаны киімді жөндеуге қабылдау шеберханасының құжатымен, шебердің айғақтарымен және т.с.с. анықталып, куәландырыла алады. Бұл ретте

эмпирикалық және логикалық дәлелдеу үнемі өзара алмасатын бола бермейтінін ескерген жөн. Біріншісін қолдану аясы екіншісіне қарағанда тар. Әдетте бұл қылмыс оқиғасының тергеп-тексеру және сот талқылауы кезінде өткен мезгілде қалатынымен және осыған байланысты ғана тікелей қабылдауға болмайтынымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, қылмыстың таным мәні ретінде күрделі және көп қырлы нақты құрамы бар және бірде-бір куәгер оның барлық элементтерін бірге (дайындық әрекеттерін, қатысушылардың сөз байласуын, субъективтік жағын, әрекет пен салдар арасындағы себепті байланысты, қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды және т.б.) көре алмайтынын атап өту керек. Осының барлығы бірге басқа фактілер арқылы, ал кейінгілері олар туралы ақпарат арқылы анықталып, дәлелденеді. Аталған мағынада дәлелдеу қылмыстық сот ісін жүргізуде жанама процесс болып табылады.

Алайда егер қылмыстық-процестік дәлелдеуде жалпы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты тікелей бақылау жолы жоққа шығарылса, онда өзінің салыстырмалы өзгермейтіндігін сақтайтын және тікелей қабылдауға болатын кейбір нақты мән-жайларға қатысты осы оқиғаның жекелеген үзінділеріне байланысты мүлдем жоққа шығарылмайды. Егер материалдық бейнелену (объектілердің күйінің өзгеруі және т.с.с.) орын алса, онда тиімді, жанама түрдегі дәлелдеу басым нысан болып табылса да, жекелеген фактілердің эмпирикалық дәлелдеу мүмкін болады.

Дәлелдеу мен логиканың өзара байланысы туралы айтқанда, классикалық логикада мұндай термин мүлдем белгісіз екенін атап өту керек. Онда әдетте «дәлелдеме» ұғымы қолданылады, мұнда дәлелдеме қандай да бір пікірдің ақиқаттығын ақиқат болып саналатын басқа пікірлерден алу арқылы анықтау деп белгіленген. Басқаша айтқанда, қандай да бір жағдайды негіздеу процесін, пікір айтудың өзін, яғни ойлау процесін логикалық дәлелдеме деп атайды. Нақты ой негізделетін жағдай дәлелдеме емес, дәйек теп аталады. Сонымен қатар, логикада басқа пікірлерден қорытынды жасау арқылы қандай да бір білім алу тек ойлау операцияларының жүйесі болып табылса, қылмыстық процесте дәлелдеу ойлау қызметімен жоққа шығарылмайды, тергеушінің, анықтаушының, прокурордың, соттың және өзге де процеске қатысушылардың нақты практикалық әрекеттерінің жүйесі болып табылады.

А.И. Трусов логикалық дәлелдеме мен сот дәлелдеуінің айырмашылығын қарастыра отырып, логика тек ойлау материалымен және ойлау процесімен байланысты болатынын, ал сот дәлелдеуінде ойға ғана емес, ең алдымен фактілерге сүйенетінін ескереді [38, 83 б.]. Басқаша айтқанда, логика тек дайын білімге, ұғымдарға сүйеніп, сол білімнің дереккөздерінен, оларды іздеуден, бекітуден, куәландырудан, құжаттандырудан және іс жүзінде тексеруден, яғни сот дәлелдеуі процесінің мазмұнын құрайтын жағдайлардың барлығынан абстракцияланады, ал қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдеу – бұл тек логикалық, танымдық қызмет емес, ең алдымен практикалық қызмет. Заңда регламенттелген ойлау қызметі бұл процеске табиғи түрде енген, тергеу және

сот әрекеттерінде (жауап алуды, қарауды өткізу, сараптама тағайындау және т.с.с.), іс бойынша шешімдерде объективті болатын, бейнеленетін процестің тек бір жағы ғана. Сондықтан сот дәлелдемесін тек ойлау қызметімен, ойлау процесімен байланыстыруға болмайды.

Дәлелдемелік құқық ойлау заңдарын белгілемейді, бұзбайды, өзгертпейді, тек шын мәнісінде бар заңдылықтарға сүйене отырып, оларды процестік нормаларда көрсете отырып, гносеологиялық және психологиялық заңдылықтарға нақты сәйкестікте әрекет еткізетін және ойлататын зерттеу тәртібін белгілейді. Алайда заң шығарушы ойлау процесін жан-жақты регламенттеуге тырыспайды. Дәлелдемелік құқыққа барлығына ортақ логика заңдарын, сол сияқты психологиялық заңдылықтарды баяндау қажет етілмейді, себебі олар қылмыстық процесс нормаларында көрсетілген. Процестік нормалар бұл заңдылықтарды тергеу және сот қызметінің ерекшеліктеріне қарай өзгертілген түрде іске асырады.

Дәлелдеуге арналған мәселелерді қарастырғанда, қылмыстық-процестік дәлелдеудің ғылыммен өзара байланысын айналып өтуге де болмайды. Бұл ретте шындықты дұрыс көрсетуге сәйкес келетін ақиқат, дәлелдеу мақсаты ретінде, ғылым мен практиканың барлық салаларында бірдей, сол сияқты танымның негізгі процестері де бірдей. Ғылыми және практикалық қызметтегі танымның айырмашылығы салыстырмалы түрде, ол негізінен еңбектің қоғамдық бөлінуін қамтамасыз ететін танымның тікелей мақсаттарынан және объектілерінен тұрады.

Ғылым, әсіресе теориялық ғылым, белгілі бір дәрежеде нақты фактілерді, құбылыстарды (физикалық құбылыстарды, тарихи оқиғаларды, сәулет ескерткіштерін және т.б.) суреттегенімен, құбылыстар мен процестердің тек жалпы заңдылықтарын қарастырады. Практика болса нақты құбылыстарға және процестерге сүйене отырып, осы жалпы заңдылықтарды қолданады, сонымен қатар ғылымды кейін теориялық жалпылау үшін нақты негіз құрады, соңғысының алдына міндеттер қояды. Практикалық қызметте білім алу осы адамдардың алдында тұрған міндеттерді нақты практикалық (өндірістік, ұйымдастырушылық, әкімшілік, педагогикалық және т.б.) шешу құралы болып табылады. Сот сараптамасы мекемелерінің қызметін қарастыра отырып, қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы ғылыми және практикалық қызметтің қарама-қарсылығы салыстырмалы екенін көрсетуге болады. Қылмыстық процеске қызмет көрсете отырып, тергеушінің тапсырмасы бойынша күрделі тәжірибе жүргізіп, қойылған сұраққа жауап беру үшін арнайы ғылыми әдістемені қолдана және нақтылай келе, сарапшы практик болып табылады, оның қызметі ғылыми-зерттеу сипатында болмайды. Алайда тергеу органдары мен сотқа кейін қызмет көрсету үшін заттай дәлелдемелерді зерттеудің қандай да бір әдістемесін жетілдіру мақсаты болып табылатын теориялық әзірлемені қолдана отырып, сарапшы ғылыми қызметкер болып шығады. Оның қызметі ғылыми зерттеу белгілеріне ие болады.

Сонымен қатар, тергеу мен сот талқылауының ғылым мен практиканың басқа салаларынан ерекшелігі қылмыстық сот ісін жүргізуде шешілетін мақсаттарымен, міндеттерімен анықталады. Бұған танымдық қызмет өтетін ерекше жағдайлар, оның қатаң нақты процестік тәртібі де сәйкес келеді.

«Адамның интеллекті бір және негізгі ойлау механизмдері де бір», - деп жазады белгілі кеңес психологы Б.М. Теплов [39, 253 б.]. Олардың арасындағы айырмашылық бір ойлау түрі практикамен байланысты, ал екіншісі онымен байланысты болмауында емес, осы байланыстың сипаты әртүрлі болуында. Ғылыми да, практикалық та ойлау практикамен байланысты, бірақ екінші жағдайда бұл байланыс тікелей сипатқа ие. Практикалық ойлау практикалық қызметке табиғи енгізілген және практикада үздіксіз сынаққа алынады, ал практикаға негізделген теориялық ойлау негізінен өзінің соңғы нәтижесінде практикалық тексеріске ұшырайды. Ойлау процестерінің күрделілігі мен қиындығына қатысты айтар болсақ, салыстыру жүргізетін болсақ, шешілетін міндеттердің көп қырлылығы, ішкі қарама-қайшылығы және интеллект қызметі жүргізілетін жағдайдың қаталдығы тұрғысынан практикалық қызметтің жоғарғы нысандары бірінші орынды иелену керек екенін мойындауымызға тура келеді. Оларға, сөзсіз, тергеушінің, прокурордың, судьяның қызметі жатады, олардың қызметі бірқатар жүйелі кезеңдерден өтетін және ойлау саласына, сол сияқты практикалық қызметке де жататын әртүрлі әрекеттер мен операциялардан тұратын ұзаққа созылатын процесс болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде дәлелдеу – бұл тергеп-тексеру органдарының, прокурордың және соттың қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау және қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін қажетті нақты деректерді жинау, бекіту, тексеру және бағалау жөніндегі процестік қызметтің басқа да субъектілерінің қатысуымен процестік нысанда жүзеге асырылатын қызметі деген қорытынды жасауға болады.

2.2 Дәлелдеу процесіндегі танымдық қызметтің психологиялық сипаттамасы

Заң әдебиетінде кейінгі уақытқа дейін дәлелдеу процесі, бір жағынан, оның құрылымы (сатылары), мәні, шектері, жүйесі, нақты ақпаратты жинау және тексеру тәсілдері және т.с.с. тұрғысынан, екінші жағынан, тергеушінің және судьялардың ойлау қызметінің логикалық нысаны тұрғысынан сипатталды. Дәлелдеу соңғы аспектіде әртүрлі нұсқаларды ұсыну және тексеру, силлогизмдерді, индукциялық ой қорытындысын құру және т.с.с. арқылы жүзеге асырылады. Бұл, сөзсіз, ойлау нысанының дұрыс сипаттамасы, алайда ойлау процесінің барлық қырларын ашпайды. Бұл процесс қылмыстық-процестік дәлелдеуде логикалық операциялардан басқа сезінуден және қабылдаудан, тану актісінен және басқа да психологиялық актілерден тұрады, олардың көмегімен күрделі танымдық процестер өтеді. Сондықтан тергеушінің,

прокурордың және судьяның ойлау қызметін тек психология ғылымында дискурсивті ойлау деп аталатын логикалық ашық пікірлер жүйесі ретінде ғана қабылдау тым жеңіл болар еді.

Дискурсивті ойлау мына жағдайларда өздігінен, басқа компоненттерді қоспай, әбден жеткілікті таным (дәлелдеу) құралы болып табылады:

а) міндетті шешу үшін барлық қажетті жағдайлар мен алғышарттар берілген және бір жағдайдың екінші жағдайдан шығуы нәтижесінде жауапқа қол жеткізілген жағдайда және

ә) ізденістегі жауап (дәлелденетін жағдай) пен оның алғышарттары арасындағы байланыс бір мағыналы немесе аз көлемдегі нұсқамен және қатаң белгілі бір нысандармен шектелген жағдайда.

Осы кезде шын мәнісінде пікір айту бір дәлелден екінші дәлелге, ізделіп жатқан нәрсе әбден айқын және дәлелденген болғанша жүреді. Бұл ретте ойлау бағыты белгілі алғышарттардан (фактілерден) ізделіп жатқан, дәлелденетін жағдайға қарай жүреді, бұл жағдай алдын ала белгіленген, гипотеза түрінде рәсімделген. Алайда гипотезаны (нұсқаны) ұсыну мен тиісті алғышарттарды (нақты деректерді) іріктеу кең және мазмұнды процесс негізінде жүргізіледі. Бұл жерде, психология белгілегендей, шығармашылық ойлау өз құқығына енеді [40]. Шығармашылық элементтер ғылыми немесе көркем шығармашылықтың басымдылығы ғана емес, олар еңбектің кез келген түрінде де болатыны белгілі. Тергеп-тексеру мен сот талқылауын қоса алғанда танымдық қызметтің барлық салаларында адам әртүрлі шығармашылық ойлау міндеттерін шешеді. Кез келген ойлау екі қажетті компоненттен – білімнен және әрекеттен тұрады, яғни білімді нақты міндеттерді шешу үшін қолданудан тұрады. Бұл процесс ойлау әрекеттерінен құрылады, олардың әрқайсысы нақты бір қарапайым міндетті шешеді. Оны шешумен әрекет аяқталады, бұл ретте одан арғы ойлау әрекеттерін талап ететін жаңа мәселелер пайда болады. Олардың жиынтығы қиын және ұзаққа созылатын ойлау қызметін құрады.

Шынымен де, адам бірдеңе істемес бұрын, оны ойға салады, егер нәтижесі көңілінен шықса, іс жүзінде жүзеге асыруға кіріседі; теріс жағдайда ол ойша қажетті нәтижеге жеткенше басқа әрекеттерді ойластырады. Бұл ретте ойлау процестері сыртқы бақылаудан жасырын болатынын және олардың субъектілері үнемі сезіне бермейтінін атап өту керек. Бұл осы проблеманы ғылыми қарау маңыздылығына және қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын әр адамның өз ойлау қызметінің «күпиясын» меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Өз әрекеттеріне есеп бере алмау, өз ойлауын ұғына алмау – дәлелдеу барысындағы қате пікірлердің және қорытындылардың негізгі себептерінің бірі.

Тергеушінің (судьяның) ойлау саласын қарастыра отырып, біз дәлелдеу барысында шешілетін міндеттердің әртүрлі типтерін көреміз. Қандай да бір субъективті қиындықтар (мысалы, деректердің айып тағу үшін жеткіліктігі туралы мәселені шешу қиын, жасалған әрекетті заң жүзінде жіктеу қиындық туғызады және т.с.с.) пайда болған жағдайда ойлау міндеті тұрады.

Баяндалғандар дәлелдеудегі ойлау міндетін жіктеу туралы мәселені өздігінен қарау қажеттігіне себепші болады. Әртүрлі негіздер бойынша тергеуші мен сот шешетін міндеттердің әртүрлі типі бөліне алады. Егер бұл міндеттерді оларды құрайтын элементтерге бөлетін болсақ, алынған «кіші міндеттер» сот ісін жүргізу үшін ерекше болмайды: онда кез келген ойлау қызметіне тән операциялар мен әрекеттер болады. Соның ішінде, мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- а) іздеу міндеті;
- ә) тану (ажырату, салыстыру) міндеті;
- б) түсіндіру (түсінік беру) міндеті;
- в) негіздеу (дәлелдеу) міндеті;
- г) алдын ала көру (алдын ала болжау) міндеті;
- ғ) құралдарды және әрекетін ету түрін таңдау міндеті;
- д) бағалау міндеті.

Сонымен қатар қылмыстық-процестік дәлелдеу үшін тек осы міндеттердің үйлесімі және белгілі бір жағдайда міндеттердің бір түрінің басымдығы ерекше болып табылады.

Психологияда қарапайым және шығармашылық міндеттер ажыратылады. Қарапайым міндеттер туралы айтқанда, нақты мәселені шешу, қажетті нәтижені алу алдын ала шартталған мінез-құлық ережелерін қолдану нәтижесіне қол жеткізілген жағдайлар ескеріледі. Мысалы, оқиға орнына шыққанда тергеуші ҚПК нормаларына сәйкес оқиға орнын қарау керектігін, бастапқы материалды жинау және оны кезекші бөлімге беру керектігін анық біледі. Шешетін адамға барлығы ұсынылды: жеткілікті деректер де, шешу жолы да, нәтижесі көрсетілді немесе болжалды. Дегенмен, міндетті «қарапайым» деп атау оны жеңіл қылмайды. Оны шешу үшін кейде біршама уақыт және күш талап етіледі. Тергеп-тексеру барысында тек жекелеген дербес мәселелер осылайша шешіледі, қиын мәселелер тек дәлелдеу аяқталғанға қарай «қарапайым» бола бастайды. Онда біз логикалық нысандарды қолдану нәтижесінде қол жеткізілетін қорытынды білімді көреміз. Логикалық міндеттің өзін шешу үшін жаңа білім алу және жаңа әрекет тәсілдерін әзірлеу қажет болмайды.

Міндет қарапайым болғанға дейін және ол сондай болу үшін зерттеуші бірқатар шығармашылық міндеттерді шешу керек. Бастапқы деректер жетіспегенде немесе осы деректермен әрекет ету түрі белгісіз болғанда, тергеушінің, прокурордың, судьяның алдында шығармашылық міндет тұрады, себебі осы тәсіл ізделіп жатқан нәтижеге әкелуі мүмкін жағдайлар анықталмаған. Нақты білім болмағанда және ол толық болмағанда шығармашылық қиял көмекке келеді. Проблемалық жағдайды, яғни істің белгілі нақты мән-жайларын және шешуге жататын міндеттерді көрсете отырып, ой білім мен тәжірибе қорын жұмылдырады, жеткіліксіз ақпаратты толтыруы ықтимал ұқсас жағдайды өткеннен іздейді. Бір мезгілде қосымша мәліметтерді алу үшін шара қолданылады. Қолда бар деректер салыстыру, жіктеу, талдау, синтез және т.с.с. операциялардың көмегімен өңделеді. Бар

көзқарастар мен ұғымдар негізінде қиялда осы материалдардың барлығынан жаңа бейне қалыптасады, оларды белгілі бір ойға біріктіреді, қиыстырады, үйлестіреді және бағындырады. Бұл интеллектуалды қызмет болжамның – бастапқы жорамалдың пайда болуы әкеледі, ол әлі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген, оның логикалық және эмпирикалық негіздері анықталмаған. Бастапқыда бұл тек идея нышаны, әдетте «мүмкін..?» деген сұрақтан басталатын күңгірт түсінік. Кейін ой дамып, логикалық операциялар арқылы анықталады, нақтыланады және гипотеза (нұсқа) түрінде рәсімделеді. Бұдан арғы пікірлер оны тексеру желілері бойынша жүреді. Тергеуші бірқатар ықтимал нұсқалар, нұсқалар жүйесіне қатысты осылай істейді.

Осы оқиға үшін барлық ықтимал нұсқалар қатар және бір мезгілде тексерілетін жағдай жалпы таныған және шүбәсіз болып саналады. Осы тұжырымдама бойынша зерттеу барлық нұсқаларды қарап шығу арқылы жүргізіледі, яғни барысында сәтсіз сынамалар алып тасталатын жүйелі әрекеттер нәтижесінде және барлық басқа нұсқалар жоққа шығарылғаннан кейін бір ғана нұсқа дұрыс деп расталады.

Барлық басқа мүмкіндіктерді алып тастау нақты жағдайды дәлелдеу үшін қажет екені сөзсіз, бірақ бұл ретте барлық ықтимал жорамалдардың қате болуын арнайы зерттеп, дәлелдеу міндетті емес. Барлық басқа түсіндірулерді жоққа шығаратын оқиғаны дұрыс түсіндіруді дәйекті растау арқылы да дәл осындай нәтижеге қол жеткізуге болады. Осы қылмысты дәл осы айыпталушы, осындай себептермен және нақты тәсілмен жасағанын әбден анықтай отырып, біз бұл қылмысты басқа біреу, өзге тәсілмен және өзге себептер бойынша жасағанын жоққа шығарамыз. Адамның белгілі уақытта белгілі бір жерде болғанын дәлелдеп, оның сол мезгілде бірқатар басқа жерлерде болмағанын анықтаудың қажеті жоқ.

Сонымен қатар, тергеуші дәлелдеу барысында қолданатын ақпаратты зерттелетін оқиғаның моделі ретінде де қарастыруға болады. Ойлау барысында зерттеуші екі түрлі психологиялық болмысы бар кейбір ой материалына сүйенеді. Бұл, біріншіден, азды-көпті анық бейнелер; екіншіден, бұл ұғымдар мен пікірлерде көрінетін бейнелердің сол немесе өзге де мағынасы, маңызы. Сезінушілік және ауызша ақпарат алған кезде санада бейнелер де, ұғымдар да өзара байланыста пайда болады. Сөздер бейнелер тудырады, бейнелер сөздер арқылы мағынаға толады. Физикалық модельдеуге қарағанда бұл жағдайда біз нақты ақпараттық модельді байқаймыз, ол ақпаратты жинақтау, ретке келтіру, қайта өңдеу және әрі қарай жинау үшін негіз болады. Біздің біліміміздің деңгейіне қарай да модельдер ажыратылады. Бастапқы деректер бойынша аса қарапайым модельдер туындайды, онда жекелеген заттар мен мән-жайлар туралы ақпарат жүйеленеді. Өз кезегінде осы жекелеген ұяшықтар, түйіндер, элементтер тергеп-тексерілетін оқиғаның жалпы сұлбасына қиыстырылады. Жаңадан келіп түсетін ақпарат осы құрылымнан өтіп, онда өз орнын таба отырып, оны толықтырады немесе қажетсіз ретінде алынып тасталады. Мысалы, тергеуші кісі өлтіру құралын іздестіргенде сот-медициналық

сараптамада анықталған белгілерге ие пышақтың сұлбалық бейнесін өз қиялында жасайды. Іздеу барысында ол осы модельге сай келмейтін басқа қаруларды қарамай, сол модельге сәйкес келетіндерін ғана іріктеп алады. Қылмыстық құқық бұзушылық куәгерінің пышақты суреттеуі модельді жаңа белгілермен толықтырады. Жекелеген мән-жайлардың және жалпы барша оқиғаның моделі дәл осындай тәртіппен түзетіледі және толықтырылады.

Бастапқы тергеу әрекеттері барысындағы бағдар беру процесінде қалыптаса отырып, модель алғашқыда сұлба түрінде болады. Оның кемшіліктері мен рәсімделмеген бөліктері көп болады, көптеген түйіндері мен бөлшектері болмайды. Осы сұлбаның шамасында бастапқыда бірнеше модель әрекет етеді, олар қолда бар және ықтимал деректерді әртүрлі байланыстырады, яғни қылмыс оқиғасына әртүрлі түсінік береді, оған қатысушыларға және олардың әрекеттерінің салдарына қатысты әртүрлі нұсқаулар береді. Ақпарат жиналған сайын модель қайта құрылады, артық құрылымнан босайды, «берік түйіндер» (дәйекті түрде анықталған фактілер) көбейеді, модельдің әртүрлі бөліктеріндегі нұсқалар саны азаяды, себебі оның өзі зерттелетін оқиға туралы дәйекті білімнің бір мағыналы жүйесі болмайды. Осы әрекетте тергеп-тексеру барысындағы таныс процесі жүзеге асады.

Психологтардың болжамы бойынша теориялық білім, өмірлік және кәсіби тәжірибе негізінде адамның санасында арнайы алдын ала көру аппараты – интуиция қалыптасады. Күнделікті өмірде біз үнемі мынадай құбылыстарға кезігіп жататынымыз белгілі: бастапқы материал өте аз болғанда болмашы белгілер бойынша дұрыс болжам пайда болады; кейіннен тексергенде олардың дұрыстығы анықталады. Бұл «жұмбақ нәтижеде» әдетте нақты пікір үшін қажетті деректердің жеткіліксіздігі назар аудартады. Шебер бақылаушы және дарынды сөз шебері К. Паустовский жазушының еңбегі туралы жазбаларында интуицияның осы жағы туралы айтады: «Мен интуицияны жеке бөліктер бойынша, толықтық бойынша, қандай да бір қасиет бойынша тұтас көріністі еске түсіру қабілеті деп білемін» [41, 138 б.]. Мұндай жағдайда педагогикалық, конструкторлық, дәрігерлік, жалпы кәсіби интуиция туралы айтылады. Мұндай құбылыстар кез келген шығармашылық процесте және танымдық қызметте нық орын алады [42]. Көптеген қылмыстық істерді сипаттауда үздік тергеу болжамдарына мысалдар көп. Кәсіби білімнен, тәжірибеден, қадағалаушылықтан туындаған олар тергеп-тексеру жолдарын қысқартады. Әрине, мұндай болжамдар негізсіз емес. Олардың аса көрінбейтін болса да нақты негіздері болады. Сондықтанда интуицияны ақпараттың қызы деп атайды. Қандай да болмасын негіздемелерден айырылған болжамдар тек кездейсоқ дұрыс болып шығуы мүмкін, сондықтан мән беріп қарауға лайық емес. Көбінесе, осындай мағынадағы интуиция туралы айтқанда, қажетті мәселені шешуге себеп болған нақты мән-жайларды ұмытып, тани алмай жатады. Бұл ойлау процестері көбінесе көрінбей өтетіндіктен осылай болады. Ойлау процесі – бұл ашық пікірлер жиынтығы ғана емес. Толық логикалық нысандармен қатар адам қысқартылған түрде қабылданатын пікірлерді

қолданады, ал өзгелері бұрыннан белгілі, тәжірибеде тексерістен өткен, практикада дәлелденген және қандай да бір білім саласымен анықталған пікірлер ретінде тіпті алып тасталынады. Нәтижесінде алынған қорытынды бөліп алынған, оқшауланған болып көрінеді және таза, ештеңеге байланысты емес болжам болып табылады. И. П. Павлов осы заңдылықты дәл байқады. Ол интуицияны «дәл осылай түсіну керек», «адам соңғы нәрсені есінде сақтайды, ал жүріп өткен, дайындаған барша жолын осы сәтке ескермеген» дейді [43, 227 б.]. Алынған нәтижені алдыңғы ойлау процесі нақты дайындамаған, оның барысында қажетті білім өзекті етілді, ал егер шешім алғашқы қадамнан басталса, онда қажетті білім дереу өзекті болды, осының арқасында адамның тәжірибесі мен білімінің дайындығы жоғары болды.

Сонымен, ақиқатты интуиция арқылы табу қабілетінің артында тәжірибе, білім, белсенді ойлау қызметі тұр, олар мәселені кенет дұрыс шешуге, күрделі құбылысты түсінуге, әрі қарайғы оқиға барысын алдын ала айтуға мүмкіндік береді. Әрине, көптеген нәрсе міндетті шешуші адамның қиял, қадағалаушылық, сыншылдық, шығармашылық қызығушылық және өзге де интеллектуалдық қасиеттер ретінде нені енгізетініне байланысты болады. Интуиция үлкен мағына мен маңызы бар бірқатар әрекеттерді, бейнелерді, оқиғаларды ойша бірден көруге мүмкіндік береді. Мұндай көру мүмкіндігі күнделікті практикамен, психологиялық бақылаулармен және эксперименттермен расталады [44]. Интуиция мәселенің соңғы шешімі емес, психологтар айтпақшы, антиципация, яғни әлі жасалуы тиіс ойлау қызметін алдын ала білу [45, 132-133 б.]. Интуициялық болжам (жорамалдау емес, болжам) – бұл келешек ойлау қызметі үшін трамплин. Сонымен қатар, интуиция болжамды дәлелдемелер жүйесіне айналдыра алатын, оның нақты негіздерін таба алатын, оның қалыптасу процесін түсіндіріп, оның дұрыстығы мен қателігін анықтай алатын саналы дискурсивті ойлауды жоққа шығармайтынын, болжайтынын есте сақтау керек.

Жоғарыда айтылған жағдайларға сүйене отырып, тергеу және судьялық интуицияны тәжірибе мен білімге, шектеулі бастапқы материал болғанда шығармашылық міндетті жылдам, тікелей және аңдаусыз шешім табу интеллектуалды қабілетіне негізделген ретінде анықтауға болады. Іс бойынша процестік шешім қабылдау туралы емес, дәл сол ойлау міндеттерін шешу туралы сөз болып отыр. Басқаша айтқанда, интуиция дәлелдеу процесінде тек қосалқы рөлді атқарады, бірақ тергеушінің және іс бойынша соттың қорытындысына тікелей негіз бола алмайды. Нақты фактілермен тексерілмеген және расталмаған жүздеген ең тапқыр болжамдар ақыл-ойдың түкке қажеті жоқ ойыны болып қалады және, сөзсіз, процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану сияқты, істі мәні бойынша шешу үшін негіз бола алмайды және т.б. Бұл тұрғыда кәсіби интуиция ақиқатты іздеп табу, дәлелдемелерді жинау, тергеп-тексерудің аса тиімді тәсілдерін тандау үшін жағымды рөл атқарады.

2.3 Дәлелдеудің процестік нысаны

Дәлелдеудің процестік нысаны — бұл заңда белгіленген ережелер жүйесі, оған сәйкес қылмыстық процестің барлық сатыларында дәлелдеу жүзеге асырылады. Бұл нысанның маңызы ол сот әділдігінің мақсаттарына жету үшін оңтайлы жағдайды қамтамасыз етуге арналған болып табылады.

Дәлелдеу процесін құқықтық регламенттеу құқықтық нормаларда бекітіледі және ғылым мен практика жасап шығарған қылмыстық процесте объективті шындықты анықтаудың аса тиімді және сонымен қоса демократиялы және ізгілікті құралдар мен тәсілдерін міндетті етеді, яғни істің мәнін анықтау үшін қызмет етеді. Егер сот процесі тек бір мазмұнсыз нысанға сайса, онда мұндай қажетсіз формалдықтың ешқандай дербес құндылығы болмайды [46, 158 б.].

Дәлелдеудің процестік нысаны салалық заңнамамен қамтамасыз етіледі және мынадан тұрады:

- 1) қылмыстық процесс принциптері процестік нысанның негізі ретінде және олардың дәлелдеудегі рөлі;
- 2) дәлелдемелік құқықтағы және дәлелдеудегі процестік кепілдіктер және
- 3) дәлелдеуді жүзеге асыру кезіндегі процестік мәжбүрлеу.

Таным және куәландыру актілерінің ішкі біртұтастығы қылмыстық процесс бойы (алдын ала тергеудің және сот талқылауының барша ерекшелігіне қарамастан) оның барлық сатыларында дәлелдеудің негізгі ережелерінің бірдей болуына себепші болады.

Қандай орган дәлелдеуді жүзеге асырғанына қарамастан дәлелдеудің процестік нысаны процестің бір сатысы шегінде бірыңғай болып қалады. Дәлелдеу процесінің құқықтық регламенттелуі оны соның ішінде дәлелдеуге жататын (дәлелдеу мәні) мән-жайлар тобын нақты анықтау арқылы барынша мақсатқа бағытталған және үнемді етуге мүмкіндік береді. Дәлелдеу процесін құқықтық реттеу сенімді ақпарат дереккөздерінің тізбесінен тұрады, олар қылмыстық іс бойынша ақиқатты, сол сияқты дәлелдемелерді табу және зерттеу тәсілдерін анықтау үшін қолданыла алады.

Бұл тәсілдер материалдық заттардағы ақпаратты (қарау, тінту, алып қою); адамдардың хабарламалары түрінде алынатын ақпаратты (жауап алу, беттестіру); адамдардың осы фактілер орын алған материалдық жағдайы бар фактілер туралы хабарламаларын салыстыру нәтижесінде құрылатын ақпаратты (тергеу эксперименті, айғақтарды оқиға орнында тексеру); заттай дәлелдемелерді және басқа да объектілерді ғылыми зерттеу беретін ақпаратты (сараптама) табу және зерттеу туралы сөз болып отыр ма – соған байланысты ажыратылады.

Қылмыстық-процестік заң жалпы түрде қылмыстық іс бойынша жиналатын ақпаратты куәландыру және бекіту тәсілдерін – хаттама құруды, көшірме бедерлер мен баспа таңбаларды дайындауды, фотосуретке түсіруді, дыбыс жазуды, кинотүсірілімді белгілейді. Бұл ретте заң істе зерттелетін оқиға

туралы ақпаратты бекіту толықтығы мен нақтылығын қамтамасыз ететін бірқатар шарттарды сақтауды талап етеді. Дәлелдеудің процестік нысанын белгілей отырып, заң сот ісін жүргізетін дәлелдеу субъектісі бір сатыдан екінші сатыға ауысқанда бір-бірін алмастыруын көздейді (тергеуші, прокурор, бірінші инстанцияның соты, жоғары тұрған сот), осымен дәлелдеу нәтижелерін бірнеше рет тексеру және іс бойынша соңғы қорытындының сенімділігі қаттамасыз етіледі.

Процестік нысан қылмыстық іске жауапты дәлелдеу субъектілерінің барлығына заңда көрсетілген негіздер бойынша олардың қарсылық білдіру мүмкіндіктерін қарастыра отырып, әділдік және құзыреттілік талаптарын қояды. Қылмыстық іс бойынша ақиқатқа жету дәлелдеуге негізделгендіктен процестік нысан анықтау жүргізетін адам, тергеуші, дәлелдемелерді табуға бағытталған прокурор және сот талаптарының барлық мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және жекелеген адамдар үшін міндетті болуынан тұрады (ҚР ҚПК 34-бабы 5-бөлігі).

Қажетіне қарай дәлелдеу процесіне тартылатын азаматтардың (куәлердің, тінтілетіндердің, куәландырылтындардың және т.б.) құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету – бұл міндет те дәлелдеу процесін құқықтық реттеу арқылы шешіледі. Заң мемлекет органдары тек жеткілікті негіздер болғанда және қатаң шектелген шеңберде ғана азаматтардың жеке мүдделері саласына араласу мүмкіндігіне ие болатындай дәлелдеу тәртібін белгілейді. Бұл ретте қылмыстық құқық бұзушылықты ашу мүдделері жеке адамның ар-намысы мен қадір қасиетіне қол сұғылмаушылықтың сенімді кепілдіктерімен үйлеседі. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеудің аяқталуына күдікті, айыпталушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері тікелей мүдделі. Сондықтан процестік нысанның маңызды элементі осы субъектілердің дәлелдеуге қатысуының істегі өз заңды мүдделерін қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ететін және істің барлық мән-жайларын барынша толық, жан-жақты және әділ анықтауға ықпал ететін тәртібі болып табылады.

Дәлелдеудің процестік нысаны іс бойынша жауап алынатын адамдардың жалған мәліметтер беру мүмкіндігін мейлінше азайтатын рәсімдер ережелерінен тұрады. Дәлелдеу процесінің іртүрлі тараптарын құқықтық реттеуін талдап тексеу дәрежесі бірдей емес. Дәлелдемелерді жинау (табу, процестік бекіту) және зерттеу қызметі дәлелдемелік ақпараттың әр түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты регламенттелген. Дәлелдемелерді бағалау мазмұнын құрайтын ішкі ойлау процестеріне қатысты заң шығарушы тек жалпы, әдіснамалық сипаты бар жағдайларды белгілейді, оларға тергеушінің, прокурордың және соттың дәлелдемелерді бағалау қызметі жауап беру керек.

Сөйтіп, қылмыстық процесте дәлелдеудің процестік нысаны мыналарды қамтиды:

а) қылмыстық сот ісін жүргізу принциптері олар дәлелдемелік құқықта және дәлелдеу қызметінде көрінетін шамада;

ә) осы принциптерге сәйкес құрылған дәлелдемелік құқық ұғымдары мен институттары (дәлелдеу мәні, дәлелдеме ұғымы, дәлелдеу тәсілдері);

б) процестің жекелеген сатыларында және қылмыстық істердің (кәмелетке толмағандарға, есі дұрыс емес адамдарға қатысты істер) кейбір санаттары бойынша дәлелдемелік құқық институттарының ерекшеліктері;

в) дәлелдеуге қатысатын органдар және адамдар тобы, олардың құқықтары мен міндеттері.

Дәлелдеудің процестік нысандарында, әдетте, қылмыстық процестің бірнеше принциптері бір уақытта көрінеді. Мысалы, айыпталушыдан жауап алудың процестік нысанында істің мән-жайларын зерттеудің заңдылығы, жан-жақтылығы, толықтығы және әділдігі, сот ісін жүргізу тілінің ауызша болуы, өзінділігі принциптері, айыпталушының қорғалу құқығы және кінәсіздік презумпциясы бар. Қылмыстық процестің принциптерін айналасына қылмыстық-процестік нысандар және негізінен дәлелдеуге байланысты туындайтын қатынастар шығарылатын «тірек» ретінде қарауға болады.

Процестік нысан ұғымының ол «қалыптастыратын» мазмұнға қатысты маңызы бар. Процестік нысанның болуының арқасында реттелген дәлелдеу субъектілерінің және дәлелдеуге қатысатын өзге адамдардың қызметі осындай мазмұн болып табылады.

Процестік кепілдіктер – бұл дәл сол процестік нысан, бірақ басқа қырынан, атап айтқанда сот әділдігінің нақты мақсаттарына қол жеткізу құралы ретінде қаралатын процестік нысан. Процестік кепілдіктер дәлелдемелік құқықта қылмыстық істер бойынша ақиқатқа қол жеткізуді, дәлелдеуге қатысатын азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын, дәлелдеу процестінің азаматтарына тәрбиелік ықпал етуді қамтамасыз етеді [47, 159-161 б.]. Әрбір процестік кепілдік дерлік бір уақытта барлық үш функцияны атқарады. Мысалы, куәден жауап алудың процестік ережелері істің мән-жайларын жан-жақты және толық анықтау міндеттеріне, яғни объективті ақиқатты анықтауға бағынған, бірақ оларды сақтау куәнің, айыпталушының, сондай-ақ басқа да дәлелдеу субъектілерінің заңды мүдделеріне де кепілдік береді және сонымен қатар сот ісін жүргізудің азаматтарға тәрбиелік әсеріне ықпал етеді.

Процестік кепілдіктер құқықтық талаптардың сатыларын құрады– процестің принциптерінен бастап нақты нормаларға дейін. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау кепілдігі істің мән-жайларын зерттеудің толықтығы, жан-жақтылығы және әділдігі принциптерін сақтау болып табылады. Бұл принципті сақтау өз кезегінде бірқатар кепілдіктермен, соның ішінде айыпталушының қорғалу құқығымен қамтамасыз етіледі. Соңғысы күдіктіге нақты дәлелдеу құқығын, оның ішінде тағылған айып бойынша түсініктеме (айғақтар) беру құқығын берумен қамтамасыз етіледі. Күдіктінің түсініктеме (айғақтар) беру құқығы түсініктемелер (айғақтар) алу тәртібін регламенттейтін бірқатар нақты процестік ережелермен қамтамасыз етіледі. Процестік кепілдіктер ұғымы дәлелдемелерді алудың жекелеген тәсілдеріне де

қатысты. Бұл тұрғыда куә айғақтарының, сарапшы қорытындысының, қараудың, куәландырудың және т.б. дұрыстығы мен толықтығының процестік кепілдіктері туралы айтуға болады.

Процестік кепілдіктердің барлық жиынтығынан сот ісін жүргізудің жекелеген қатысушыларына қатысты емес дәлелдеу тәртібін (дәлелдемелерге жол беру ережелері, дәлелдемелерді бағалау принциптері және т.б.) белгілейтін кепілдіктерді атап көрсетуге болады. Сонымен қатар сот ісін жүргізудің жекелеген қатысушыларының – күдіктінің, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің (олардың өкілдерінің), тінтуге, куәландыруға, сараптамаға тартылған адамдардың және т.б. заңды мүдделерін қорғау үшін арнайы бейімделген процестік кепілдіктер бар [48, 56 б.]

Қылмыстық процеске қатысу азаматтардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, аталған кепілдіктер тобы бір мезгілде ақиқатты анықтауға қызмет етеді. Заң шығарушы процестік кепілдіктерден мемлекеттің қылмыстарды ашуға байланысты мүдделері мен процеске қатысуға тартылған жекелеген адамның мүдделерінің оңтайлы арақатынасын табуға тырысады. Қылмыстарды ашу мүдделері нақты жағдайларда жекелеген азаматтардың жеке құқықтары мен мүдделерін белгілі шектеуді талап етеді. Бұл тек заңда белгіленген негіздер болғанда және дәлелдеудің процестік нысаны сақталғанда ғана мүмкін болады. Мемлекет органдарының заңды талаптарына қарсы әрекет етілген жағдайда азаматтардың құқықтары мен мүдделерін кейбір шектеулер мәжбүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда мұндай мәжбүрлеудің сипаты мен нысандары өз кезегінде шектелген. Бұл түсінікті: ақиқатқа кез келген тәсілмен, мысалы, азаматтардың денсаулығына зиян келтіру, олардың қадір-қасиетін қорлау арқылы қол жеткізуге болмайды.

Сонымен қатар тергеп-тексеру барысында ақиқатты анықтау мақсатында дәлелдеуді жүзеге асыру кезінде азаматтардың құқықтарын шектеумен байланысты шаралар туралы мәселе туындайтын жағдайлар болады. Осындай сұрақ, атап айтқанда, ұстау, күзетпен қамауға алу және басқа да бұлтартпау шараларын таңдау; іске қатысы бар азаматтардың тергеу орнына және сотқа келуін қамтамасыз ету; адамның денесіндегі немесе киіміндегі қылмыстық құқық бұзушылықтың заттай белгілерін алу және қарау, адам ағзасының психикалық және физиологиялық функцияларын зерттеу қажеттілігіне байланысты туындайды. Күдіктіні ұстаудың дәлелдеуге тікелей қатысы болуы мүмкін, себебі осы мәжбүрлеу шарасын қолдану нәтижесінде бірқатар жағдайларда дәлелдемелерді жою немесе бұрмалау мүмкіндігінің жолы кесіледі және оларды уақтылы табу және алу қамтамасыз етіледі (ҚР ҚПК 128-бабының 3-тармағы). Заңда көрсетілген істер тобы бойынша, егер күдікті бостандықта жүрсе, іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіреді деп санауға жеткілікті негіз болғанда, күзетпен қамауда ұстау қолданылады (ҚР ҚПК 136, 147-баптары). Сонымен күдіктінің дәлелдемелерді жасыруға, жоюға немесе бұрмалауға бағытталған әрекеттерінің жолы кесіледі, күдіктінің өзінде, оның тұрғылықты жерінде және т.б. бар дәлелдемелерді табу үшін жағдай жасалады,

сондай-ақ күдіктіден істі мәні бойынша айғақтар алу үшін оның тергеушіге және сотқа жауап алуға келуі қамтамасыз етіледі. Көптеген істер бойынша тергеуші және сот куәлер мен жәбірленушілердің шынайы айғақтарысыз ақиқатты анықтау мүмкіндігінен айырылар еді. Мұндай айғақтарды алу, біріншіден, азаматтардың саналылығымен, екіншіден, процестік және қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Мысалы, куә немесе жәбірленуші дәлелді себепсіз тергеушінің, анықтау органының, прокурордың және соттың шақыртуы бойынша айғақтар беруге келмесе, осы органдар оны мәжбүрлеп әкелуге құқылы. Бұл жағдайларда заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға жариялы мүддені бірінші орынға қойып, нақты жағдайда іс бойынша ақиқатты анықтауға мүдделі бола бермейтін куәлердің және жәбірленушілердің жеке мүдделерінің оған бағынуын талап етеді.

Сөйтіп, процестік кепілдіктер бір мезгілде қылмыстық іс бойынша ақиқатқа қол жеткізуді де, сол сияқты жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді. Қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда мемлекет және қоғам аса маңызды деп таныған құндылықтар қорғалады. Бір жағдайларда мұндай құндылық қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, басқа жағдайларда жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

3 ТАРАУ ДӘЛЕЛДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

3.1 Дәлелдемелерді жинау және зерттеу

Мазмұны бойынша дәлелдеу процесі бір-бірімен өзара байланысты бірқатар элементтерден құралады, атап айтқанда: дәлелдемелерді жинау, оларды бекіту және тексеру (зерттеу), бағалау және пайдалану (ҚР ҚПК 121-бабы).

Бұл дәлелдеу процесінің істі шешу үшін фактілерді толық және дұрыс білуге қажеттілігі мен қылмыстық қудалау органының дәл сол сәтте қолда бар дәлелдемелерінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардың болуымен сипатталуына байланысты. Күдікті қылмыскер боп табылады ма деген мәселені шешу – бұл істің мән-жайларын дәлелдеудің алғышарттары емес, қорытындысы. Шешім әділ ақиқатты болуы үшін қылмыс және кінәлі адам туралы барлық дәлелдемелерді аса мұқият, нақты, әділ, жан-жақты тексеру қажет [49, 16 б.].

Процестік әдебиетте дәлелдеу элементтерін кейде кезеңдер деп атайды. «Теория доказательств» [50, 237 б.] авторларының ойынша, дәлелдеуге қатысты «кезең» термині сәтсіз қолданылған, себебі кезеңдердің кезектесуі туралы ой тудырады, олардың уақытқа үзілуін болжайды. Дәлелдеу процесі – бұл аталған элементтер қайталанып тұратын бірыңғай және ажырағысыз таным процесі. Іс бойынша дәлелденетін мән-жайлардың әртүрлі анықталу деңгейімен сипатталатын, әртүрлі, бірінен соң бірі жүретін ақиқатты анықтау сәттерін дәлелдеу кезеңдері деп түсінген дұрыс және мақсатты болғандықтан да дәлелдемелерді жинау, бекіту, тексеру және бағалау туралы кезеңдер деп айтпаған жөн. Мысалы, іс бойынша анықтауға жататын мән-жайларды анықтау деңгейі сотқа дейінгі тергеп-тексеру және күдіктінің әрекетін жіктеуді анықтау, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталу және үкім шығару сәтінде мүлдем әртүрлі болатыны анық.

Дәлелдеудің бір кезеңінің екіншісімен ауысуы оның дәлелдеу жүзеге асырылатын қылмыстық процесс сатысымен анықталатын міндеттері мен нысандарының өзгеруімен сипатталады.

Мысалы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында дәлелдеу мақсаты – сот ісін жүргізу үшін негіз бар немесе жоқ екенін анықтау. Дәлелдеу міндеттері тұрғысынан сотқа дейінгі іс жүргізу сатысының негізгі мағынасы дәлелдемелерді табу және процестік бекіту, олардың негізінде нақты қандай әрекет орын алғаны және оны кім жасағаны туралы қорытынды шығару, сөйтіп, соттың істі соңғы рет шешуі үшін барлық жағдайды қамтамасыз ету немесе заңды алғышарттар болған жағдайда істі тоқтату болып табылады. Басты сот талқылауы сатысында сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жиналған және қосымша ұсынылған немесе талап етілген дәлелдемелер жаңадан зерттеледі, зерттеуді жариялылық жағдайында істің аяқталуына мүдделі адамдардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылады, мемлекет атынан белгілі бір нақты

мән-жайларды көрсетумен және материалдық құқық нормаларын қолдану актісімен аяқталады.

Дәлелдеу кезеңдерін осылай түсінгенде ғана жекелеген дәлелденетін фактіге, дәлелдеу мәніне енетін жекелеген мән-жайға қатысты да, нақты құқықтық салдарға әкеп соғатын шешімдер қабылданғанда олардың жиынтығына қатысты да дәлелдеу процесінің мазмұнын құрайтын барлық элементтер бірге және өзара әрекетте болады.

Дәлелдемелерді іздеуді жүзеге асыра отырып, қылмыстық процесті жүргізетін орган Қазақстан Республикасы ҚПК 122-бабының 2-бөлігіне сәйкес процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша жауап алу немесе сарапшы немесе маман ретінде қорытынды беру үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға; осы Кодексте көзделген процестік әрекеттерді жүргізуге; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, заңды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизия және тексеру жүргізуді талап етуге құқылы. Осы әрекеттердің нәтижесінде іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жайлар анықталған жағдайда іздеу дәлелдемелер жинауға ауысады, ол дәлелдемелерді табу, бекіту және алудан тұрады.

Дәлелдемелерді жинаудың және бекітудің ақыр соңында ортақ мақсаты – қылмыстық іс бойынша объективті ақиқатқа қол жеткізу болса да, әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады [51, 366-374 б.]. Дәлелдемелерді жинау және тексеру тәсілдері – бұл тергеушінің, соттың және басқа да осыған құқылы адамдар мен органдардың процестік заңда көзделген әрекеттерінде іске асырылатын, белгілі бір түрдегі нақты деректерді (ақпаратты) іздеу, табу, алу, бекіту, зерттеу үшін арналған тәсілдер мен операциялар жүйесі. Дәлелдемелерді жинау және тексеру тәсілдерінің негізгі мазмұны танымдық тәсілдер мен операциялар болып табылады, олардың көмегімен қажетті ақпаратты алу және оларды дәлелдеу адресаттарына беру жүзеге асырылады. Орындалуы тиісті танымдық тәсілдер мен операцияларды қолдану барысы мен нәтижесін куәландыруы тиіс формалданған ережелердің болуы дәлелдемелерді жинаудың және тексерудің процестік тәсілдерінің ерекшелігін құрайды, бірақ оларды заңнамалық регламенттеудің мазмұны мен мақсатын жоққа шығармайды.

Дәлелдемелік ақпаратты алу және беру үшін арналған тәсілдер мен операциялардың ерекше үйлесімі ретінде дәлелдемелерді жинаудың және тексерудің әрбір процестік тәсілін сипаттаудың міндетті элементтерін бөліп көрсетуге болады. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

а) мәліметтер түрін анықтау, оларды алуға осы тәсіл бағытталған;

- ә) қатысушылар тізбесі;
- б) дәлелдемелерді жинау және тексеру жөніндегі тәсілдер мен операциялардың мәнін сипаттау;
- в) осы тәсілдер мен операцияларды қолдану орны мен уақыты;
- г) оларға жол беру шарттары;
- ғ) тәсілдер мен операциялардың реті;
- д) мүдделі адамдардың дәлелдемелерді алуына немесе оларды бұрмалауына кедергі жасауға талпынысын болдырмау үшін олардың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету шаралары;
- е) дәлелдемелерді жинаудың және тексерудің жан-жақтылығын қамтамасыз ету шаралары;
- ж) азаматтардың жеке мүдделері саласына негізсіз енуді болдырмау, олардан немесе солардың көмегімен тиісті мәліметтер алынуы тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қадір-қасиетін қорғау шаралары;
- з) жиналған мәліметтерді және оларды тексеру нәтижелерін, сол сияқты дәлелдемелерді жинау және тексеру әрекеттерінің заң талаптарына сәйкестігін куәландыратын мәліметтерді бекіту жөніндегі тәсілдер мен операцияларды арнайы жан-жақты анықтау.

Сөйтіп, дәлелдемелерді жинаудың және тексерудің әр тәсілін регламенттеу жүйесі жалпы қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесіне тән белгілерді көрсетеді. Танымдық тәсілдер мен операциялар алынған мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етуге және куәландыруға; дәлелдемелерді жинау және тексеру әрекеттері саласына тартылған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған тәсілдермен және операциялармен бекітіледі және үйлеседі. Танымдық тәсілдер сияқты, осындай шаралар да ұйғарымдар мен тыйымдар жүйесі ретінде бола отырып, құқықтық нысанға ие болған.

Дәлелдемелерді жинау тәсілдерінің жүйесі объектілердің – ақпарат тасымалдауыштардың сипатынан, ақпаратты беретін белгілер мәнінен, оны кодтау тәсілінен, бейнеленетін объектінің құрылымынан, осы түрдегі мәліметтерді жинауға және беруге тән күтілетін кедергілерден шыға отырып, бөлінген. Әр түрдегі дәлелдемелерді жинау және тексеру тәсілі нақты нысандағы алынған ақпараттың қажетті сенімділігін қамтамасыз ету үшін арналған және бейімделген (соның ішінде оны бұрмалауды шектеу және сенімділік шарты түріндегі кейбір артықшылықты қамтамасыз ету).

Дәлелдемелерді жинау Қазақстан Республикасы ҚПК-да көзделген тергеу және сот әрекеттерін жүргізу арқылы сотқа дейінгі іс жүргізуде және сот талқылауында жүзеге асырылады. Дәлелдемелерді жинау оларды табудан, бекітуден және алудан тұрады (ҚР ҚПК 122-бабы).

Сонымен қатар дәлелдеудің осы элементінің мазмұнына қатысты заң әдебиетінде әртүрлі тәсілдер бар. Бір ғалымдар дәлелдемеде бірқатар кезеңдерді бөледі – дәлелдемелерді табу, оларды қарастыру және процестік бекіту, дәлелдемелерді тексеру және бағалау [52, 302 б.]; басқалары дәлелдеу

мәні дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау болып табылады деп санайды [53, 8 б.]; ғалымдардың үшінші тобы дәлілдеу процесі құрылымының бастапқы элементі тергеу нұсқаларын ұсыну және олардың серпінді дамуы болып табылады деп болжайды [54, 11 б.]. А.М. Ларин жалпы осы пікірлерді қолдай отырып, дәлелдемелерді іздеуді және табуды бірінші кезең ретінде бөлуді ұсынады, ол өз ұсынысын келесідей дәйектермен негіздейді: іздеу тергеушінің белсенділігін көрсетеді; іздеу өздігінен, тіпті ол дәлелдемелерді табуға әкелмесе де, процестік регламенттеу объектісі болып табылады; іздеудің нәтижесіздігі нақты жағдайларда маңызды құқықтық мағынағы ие болуы мүмкін. Заңға сәйкес қылмыстық қудалау қосымша дәлелдемелерді жинау үшін барлық мүмкіндіктер біткенде тоқтатылады. Өзгеш айтқанда, іздеудің нәтижесіздігі кінәсіздігін дәлелдеумен тең [55, 16 б.].

Біздің ойымызша, келтірілген дәлелдер жеткілікті деңгейде сенімді, сондықтан дәлелдеудің бірінші кезеңі – бұл дәлелдемелерді іздеу және табу екенімен келісуге болады, себебі дәл осы дәлелдемелерді іздеуде сотқа дейінгі іс жүргізудің ерекшелігі қылмыстық процестің ерекше сатысы ретінде жақсы байқалады.

Дәлелдемелерді жинау және тексеру тәсілі:

1. Дәлелдемелерді жинау және тексеру жөніндегі тергеу және сот әрекеттері.

2. Дәлелдемелерді жинау және тексерудің өзге де тәсілдері:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы тексеру әрекеттері (арыздар мен хабарламалар алу, түсініктемелерді және өзге де материалдарды талап ету);

2) іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның бастамасы бойынша құжаттарды және заттарды талап ету: а) қолда бар құжаттар мен заттарды ұсынуға талап, ә) ревизия жүргізіп, оның нәтижелерін ұсынуға талап, б) құжаттарды (анықтамаларды, мәнездемелерді және т.с.с.) жазып, ұсынуға талап;

3) а) процеске қатысшылардың,

ә) мекемелер мен ұйымдардың,

б) қоғамның,

в) өзге де адамдардың бастамасы бойынша ұсынылған хабарламаларды, оның ішінде құжаттар мен заттарды қабылдау;

4) қорғаушының өзі қорғайтын адамына көмек көрсету үшін қажетті дәлелдемелерді ұсыну және мәліметтерді жинау қызметі.

Дәлелдемелерді жинау заңда көзделген сот және тергеу әрекеттерін жүргізу, сондай-ақ мекемелерден, кәсіпорындардан және лауазымды адамдардан заттар мен құжаттарды талап ету арқылы жүзеге асырылады. Барлық алынған нәтижелер тергеу әрекеттерінің және басты сот талқылауының хаттамаларында бекітіледі. Бұл ретте жиналған дәлелдемелер заңда белгіленген процестік нысанда, оның ішінде бекітудің техникалық құралдарын қолданумен бекітілуі тиіс (ҚР ҚПК 123-бабы).

Дәлелдемелерді жинау және бекіту әрекеттерін жүргізу тәртібін заңда регламенттеу, бір жағынан, алынған мәліметтерді беру дұрыстығына кепілдік береді, екіншіден, дәлелдемелердің сақталуын және оларды қылмыстық процестің кейінгі сатыларында дәлелдеу кезінде қолдану және тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Заңың осы бөлігінің талаптарын бұзу алынған деректердің дәлелдемелік маңызын жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін. Процестік бекітілгеннен кейін, қажет болған жағдайда табылған және бекітілген дәлелдемелер алынады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауапкершілігі сәйкесінше анықтаушыға және тергеушіге, ал сотта сот отырысына төрағалық етушіге және хатшыға жүктеледі. Осыған байланысты дәлелдемелерді хаттамаға тіркеу арқылы оларды бекіту кезінде келесі ережелерді сақтау қажет екенін ескеру керек:

- хаттамада нақты деректерді дәл және толық жазу;
- дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз ету және оларды ауыстыруды немесе бұзуды болдырмайтын жағдай жасау;
- келешекте іс үшін маңызы бар фактілер туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету [56, 137 б.].

Дәлелдемелерді бекітудің келтірілген құрылымы қылмыс оқиғасы және адамның кінәлілігі туралы қорытындыға негіз болып табылатын нақты деректердің дереккөздері, осы ақпаратты бекітудің процестік тәсілдері, сондай-ақ оны бекіту құралы қатаң белгіленген нормативтік сипатқа ие екенін куәландырады.

Көрсетілген ережелерді сақтамау алынған нәтижелердің дұрыстығына күмән туғызатыны сөзсіз және алынған дәлелдемелерді жол берілмейтін дәлелдемелер деп тануға әкеп соғуы мүмкін.

Мысалы, Ақтөбе қ.№2 сотының үкімімен 06.09.2020ж. Қазақстан Республикасы ҚК 297-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін сотқа берілген С.В. Маурерге қатысты ақтау үкімін шығарды. Мұндай шешімді қабылдауға тергеп-тексеру органдары жіберген көптеген бұзушылықтар негіз болды. Соның ішінде іс бойынша заттай дәлелдемелерді (екі бейнекассетадағы бейнежазбалар) зерттеп, сот бейнетүсірілімді қолдану кезінде Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабы 11, 12-тармақтарының талаптары орындалмағанын, хаттамада бекітілмегенін, Маурерді ұстағандағы түсірілім барысында процестік бекітусіз жазба үзіле беретінін, ал Мустафаеваны ұстағанда Ақтөбе қ. ІІБ ЕБҚКБ қызметкері А. түсірілімнен тыс Мустафаевамен басқа бөлмеге бірнеше рет оңаша кетіп жүргенін анықтады, бұл заңсыз болып табылады, тергеу әрекеттерінің нәтижесіне күмән келтіреді. Баяндалғандарға сәйкес, заңды бұзумен алынған дәлелдемелер заңды күші жоқ деп танылады және айыптау негізіне жатқызыла алмайды, сол сияқты айыптаудың кез келген мән-жайын дәлелдеу кезінде тергеп-тексеру органдары ұсынған заттай дәлелдемелер қолданыла алмайды деп тікелей көрсетілген Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабын басшылыққа ала отырып, соттың назарына лайық және жүргізілген әрекеттердің дұрыстығын растайтын басқа

дәлелдемелердің істе жоқтығын ескере отырып, сот ұсынылған дәлелдемелерді жол берілмейтін дәлелдемелер деп негізді таныды [57].

Осыған байланысты дәлелдемелерді жинау әрекеті тиісті процестік құжаттарда міндетті бекітуді ғана талап етпейді, сонымен қатар тиісті деректерге жол бермеуді қамтамасыз ету үшін қажетті және жеткілікті тәртіпті сақтау кезінде де жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте за шығарушы дәлелдемелерді жинаудың және тексерудің жол берілетін тәсілдерінің және әр жолы осы міндеттерді іске асыру үшін қажетті және жеткілікті мүмкіндіктерді ұсынып, сонымен қатар олардан тыс шығуына кедергі келтіре отырып, сот ісін жүргізудің әр сатысының нақты міндеттерінің арақатынасын белгілейді.

Сонымен қатар дәлелдеу процесінің қиындықтары оны жүргізу барысында үнемі кейбір ақпаратты жоғалту орын алатынына, кедергілер туындайтынына байланысты. Бұл жоғалту дәлелдемелерді жинау кезінде болып жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың шын мәнісінде болған барлық іздерін жинап, бекіту мүмкін емес екені әбден түсінікті. Осы іздердің көбісі сақталмаған; басқаларын табу қиын немесе сенімді нәтиже бермейді. Нақты адамдардан (куәлерден, күдіктілерден, айыпталушылардан және т.б.) мәліметтер алу және заттарды зерттеу кезінде де белгілі жоғалу болып жатады. Қылмыстық құқық бұзушылық фактілері тергеушінің (соттың) санасынан жасалған құқық бұзушылықтың куәгерлерінің (куәнің, жәбірленушінің және т.б.) оқиғаны қабылдауымен ажыратылған. Осы қабылдау кезінде, сол сияқты куәге мәлім деректерді беру кезінде де ақпараттың «шығып кетуі» және бұрмалануы, сондай-ақ жалған ақпараттың пайда болуы мүмкін. Бұл адам психикасының жетіспеушілігі және сыртқы жағдайлардың әсері деп түсіндіріледі. Кейбір адамдардың оларға мәлім деректерді бұрмалауға тікелей талпынысы туралы да ұмытпау керек.

Заттай дәлелдемелерді зерттеу кезінде алынған мәліметтер де толық болмауы мүмкін. Біріншіден, қылмыстың нақты мән-жайлары материалдық іздерге тек ішінара түседі; екіншіден, бұл іздерде бейнеленетін оқиғаның сипаты туралы қорытынды жасауға болатын маңызды белгілер үнемі бейнелене бермейді; үшіншіден, объектілердің физикалық және химиялық қасиеттері, іздің пайда болуының ерекше жағдайлары және сыртқы факторлардың әсері (атмосфералық құбылыстар және т.б.) уақыт өте келе іздерде бейнеленген затқа (оқиғаға) жат белгілердің пайда болуына және осы зат (оқиға) үшін маңызды белгілердің жойылуына немесе бұрмалануына әкеп соғады.

Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық іздерін немесе адамның айғақтарын тиісті хаттамада бекітпес бұрын тергеуші және судьялар осы мәліметтерді қабылдап, олардың іс үшін маңызын ең болмағанда шамалап түсінуі керек. Бұл ретте, әрине, қабылдау қателіктеріне және әсіресе алынған мәліметтерді дұрыс түсіндірмеуге байланысты ақпарат жоғалуы және бұрмалануы мүмкін.

Алайда барлық бұл түсініктер істі шешу үшін қажетті мәліметтер дұрыс анықталмауы мүмкін дегенді білдірмейді. Қылмыстық құқық бұзушылық

оқиғасы туралы ақпаратты жинақтау процесі қылмыстық сот ісін жүргізуден тыс басталады, сондықтан әрине тергеуші және сот ол үшін аса қолайлы жағдайды қамтамасыз ете алмайды. Алайда ақпарат тасымалдаушыдан тергеушіге және сотқа мәліметтерді беру процесін олар бақылайды және ол заң негізінде жүргізіледі. Заңның дәлелдемелерді жинауға қоятын талаптарын мұқият сақтау арқылы тергеуші және сот бұл процесстерді қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат жеткілікті толық және маңызды бұрмалаусыз берілетіндей басқара алады. Жауап алуды, қарауды, сараптама және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізудің процестік ережелері осы мақсаттарға жету үшін қолданылады.

Баяндалғандар «жинау» - бұл іс үшін маңызы бар ақпараттың ықтимал дереккөздерін (тасымалдағыштарын) іздеу және табу, ал дәлелдемелерді бекіту осы ақпаратты қылмыстық процеске енгізу екені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Дәлелдемелерді зерттеу процесі Қазақстан Республикасы ҚПК 124-бабымен регламенттелген. Бұл кезеңнің мәні дәлелдеме қандай сенімді болып көрінсе де, олардың дұрыстығы мен сенімділігін тиісінше процестік тексерусіз және зерттеусіз іс бойынша қорытындының негізіне жатқызыла алмайтынынан тұрады.

Зерттеу процесі келесі элементтерден тұрады: алынған дәлелдемені талдау; оны басқа дәлелдемелермен салыстыру; қарама-қайшылықтар мен олардың себептерін анықтау; қосымша дәлелдемелерді жинау; олардың жиынтығынан бөлек, олармен салыстырусыз және өзара тексерусіз мүмкін емес дәлелдемелерді алу дереккөздерін тексеру. Дәлелдемелерді зерттеу уақыт жағынан үзілмейді және тікелей оларды тапқаннан кейін жүргізіледі, бұл ретте зерттеу мақсаты – дәлелдемелерді тиісінше бағалау және тергеп-тексерудің әрі қарайғы бағытын анықтау арқылы дәлелдемелердің дұрыстығы мен сенімділігіне қатысты ішкі нанымды қалыптастыру.

Бұл процесс білімдердің жиынтығынан жаңа білім шығатын силлогизмдерді құруға немесе өзге де логикалық операцияға алып бармайтыны сөзсіз. Дәйектердің сенімділігін де негіздеу қажет, оларға сүйене отырып, дәлелдеу субъектісі өз дәлелдерінің дұрыстығын растайды. Сондықтан дәлелдемелерді жинағанда тергеуші олардың дұрыстығын бағалауды тергеп-тексерудің соңғы кезеңіне қалдырып, тек олардың жол берілетіндігі туралы ғана ойлайды деп санауға болмайды. Дәлелдемелерді бағалау дәлелдеудің барлық кезеңдерінде болады, себебі дәлелдемелерді жинау және зерттеу процесінің өзі дәлелдеу мазмұнын құратын нәрседен бөлек алынбайтын дәлелдемелердің дұрыстығын негіздеу процесі болып табылады. Бұл ретте дәлелдемелердің жол берілетіндігі мен дұрыстығын бағалау – дәлелдеудің қандай да бір нақты кезеңімен шектелмеген, ұзаққа созылатын процесс, оның салдарынан әрі қарай тергеп-тексеру барысында бастапқы бағалау өзгеруі мүмкін.

С.А. Шейфердің пікірінше, дәлелдемелерді жинап, тергеу әрекеттерінің нәтижесін растай отырып, тергеуші кейде ойлайтындай, танымды тек «өзі үшін» жүзеге асырмайды, өзін дәлелдеудің кейінгі адресаттары: прокурор, сот енетін танымдық жүйенің бір бөлігі деп ойлайды. Дәл осы дәйектердің сапалылығына сену және өз қорытындыларының дұрыстығы үшін тергеуші сайып келгенде «өзіндегі ақиқатты» (яғни бейнеленбеген және куәландырылмаған ақиқатты) «барлығына арналған ақиқатқа» айналдыруға бағытталған жоғарыда аталған әрекеттерді жүзеге асырады [58, 14-15 б.].

Жиналған дәлелдемелерге мұндай сүйену, яғни дәлелдеу субъектісінің ойлау қызметі бірқатар операциялардан тұрады және дәлелдеу шектері бойынша ықтимал да (мысалы, сотқа дейінгі тергеуді бастау туралы, бұлтартпау шарасын қолдану туралы, сол немесе өзге де тергеу әрекеттерін жүргізу туралы шешім), дұрыс та (мысалы, айыптау үкімі) болуы мүмкін пікір өзінің нәтижесі болып табылады.

Н.А. Громовтың ойынша, мұндай пікірлер бір пікір екінші пікірден алынғанда және «дәлелдеу процесін ықтимал білімнен дұрыс білімге даму барысында танымдық қызметті ашатын, істің мән-жайлары туралы білімнің сандық және сапалық өзгерістерінің диалектикасын көрсететін процесс ретінде» сипатталғанда пікірлермен операциялар жүргізу нәтижесінде туындайды [59, 128 б.]. Қылмыстық процесте дәлелдеу, ең алдымен, практикалық әрекет болғандықтан, ойлау қызметі процестің барлық сатыларынан өтіп, «объектіленеді, тергеу және сот әрекеттерінде, іс бойынша шығарылған шешімдерде көрінеді» [60, 111 б.].

Айтылғандарға дәлел ретінде Ақтөбе қаласы №2 сотының сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары жинаған дәлелдемелерді зерттеу мысал болады. 09.03.2020 жылғы Н.А. Кузьминаны Қазақстан Республикасы ҚК 188-бабы 2-бөлігі «2, 3» тармақтарында көзделген қылмысты жасады деген айып бойынша басты сот талқылауы барысында қылмыстық-процестік заңды және сотталушының конституциялық құқықтарына өрескел бұзу анықталды, ол көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауапкершілікке тартуға және дәлелдемелерді бұрмалауға әкеп соқты.

Соттың қорытындылары мынаған негізделді. Алынған дәлелдемелерді талдау және оны басқа дәлелдемелермен салыстыру сот тергеуі барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруде берген айғақтарынан өзге айғақтар берген куә С.-ның айғақтарынан бірқатар қарама-қайшылықтар анықтады. Куәнің өзі айғақтарындағы осы қарама-қайшылықтарды түсіндіріп бере алмады. Осы мақсатта оған анықтайтын сұрақтар қойылды, ол жауап бергенде қыздың емхананың баспалдағымен түсіп келе жатқанын көргенін бірнеше рет айтты, ал ұрлық жасалған кабинет 1-қабатта орналасқан. Осы мән-жайларды ескере келе, сот бұл айғақтар жол берілмейтін айғақтар деп таныды. Туындаған қарама-қайшылықтардың себебін анықтай отырып, сот қосымша дәлелдемелер жинауға және оларды алу дереккөздерін тексеруге кірісті, оның барысында куә С.-тың полиция қызметкерлеріне ешқандай тәуелдікте емеспін деп айтқанына

карамастан, шын мәнісінде ол бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған болды, ал тергеп-тексеру кезінде өзі тергеуде болды (оған қатысты қылмыстық іс қозғалды, кейін ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігіне сәйкес тоқтатылды). Алынған дәлелдемелерді істе бар дәлелдемелермен бірге оларды салыстыру және өзара тексеру арқылы зерттеп, сот куә С.-тың күдікті Кузьминаны тану кезінде де өрескел бұзушылықтар анықтады. Сотта жауап алынған куәгерлер мен статисттер, осы тергеу әрекеттерінің қатысушылары сотталушы қыз басқа екі қыздан елеулі ерекшеленгенін көрсетті. Сонымен қатар, хаттамада статисттердің туған жылы әдейі дұрыс жазылмаған, олардың арасында Кузьмина бар. Бұдан басқа, статисттер ретінде 2005 ж.т. кәмелетке толмағандар қатысқан, ал хаттамада олардың туған жылы 1998 деп көрсетілген, мұны олардың өздері ата-аналарының қатысуымен сотта растады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары ұсынған дәлелдемелерді (күдіктіні тануға қатысушы куәлердің айғақтарын) зерттеу нәтижелері сотқа аталған тергеу әрекетін жол берілмейтін дәлелдеме деп тануға негіз болды [61].

Сондықтан процестің барлық сатыларында дәлелдеу орын алады, бірақ әртүрлі сатылардың міндеттері мен нысандарының ерекшеліктеріне байланысты мән-жайлардың сипаты, дәлелдемелердің жеткіліктігі, дәлелдеу құралдары және оларды алу тәсілдері өзгеруі мүмкін. Процестің әрбір кейінгі сатысында алынған дәлелдемелерді зерттеу ауқымы кеңейіп отырады, бұл іс бойынша жиналған материалдың сапалылығын анықтау мақсатында алдындағы тексерістің дұрыстығын бақылау қажеттігін тудырады. Дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау қызметінің тек негізгі бағыты – іс бойынша ақиқатты анықтау ғана өзгеріссіз қалады [62, 113-114 б.].

Осы мақсаттың маңызын атай келе, Б.Х. Төлеубекова «... бұл мәселедегі түсінбеушілік адам тағдырының, тұтас бір өмірдің құнымен «шығынға» айналады» деп көрсетеді [63, 327 б.], себебі тек оған қол жеткізу қылмыстық сот ісін жүргізуде сот қателігінен және кінәсіз адамды негізсіз соттаудан қорғауға кепілдік береді. Сөйтіп жеке әр дәлелдеменің және олардың жиынтығының маңызын анықтау үшін алғышарттар жасалады, бұл дәлелдемелерді бағалау мәнін құрады.

3.2 Дәлелдемелерді бағалау және пайдалану

Дәлелдемелерді бағалау осы негізде зерттелетін оқиғаның нақты көрінісі туралы қорытынды жасау үшін ақиқатқа қол жеткізуді, яғни әр дәлелдеменің және олардың жиынтығының дұрыстығы мен маңызын анықтауды қамтамасыз ететін ғылыми таным әдіснамасын сақтаған кезде логикалық нысанда жүзеге асырылатын тергеушінің, прокурордың, соттың ойлау қызметі болып табылады.

Заңға сәйкес дәлелдемелерді соңғы бағалау істің барлық мән-жайларын олардың жиынтығымен жан-жақты, толық және әділ қарау арқылы жүргізіледі

(ҚР ҚПК 125-бабының 1-бөлігі). Әр дәлелдеменің шынайы маңызы мен орны іс бойынша жиналған барлық дәлелдемелердің толық жүйесінен бөлек анықтала алмайды.

Егер жиналған дәлелдемелермен шын мәнінде қылмыс оқиғасының құрамдас бөліктері болып табылатын фактілер анықталса, онда іс бойынша жеке мән-жайдың дәлелденетіні туралы қорытындыға, сондай-ақ жалпы қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасына негіз болған дәлелдемелер жиынтығы кез келген өзге түсіндірулер мен қорытындыларды жоққа шығару керек. Дәлелдемелер жиынтығын бағалағанда олардың өзара байланысы жүйені құру керек екенін ескеру керек. Әрбір жекелеген дәлелдеме осы жүйенің бөлігі ретінде өз ерекшелігін сақтай отырып, онда тұтас, яғни дәлелдеу мәнін құратын оқиғаны көрсетуді ескергенде ғана түсіндіріле алады.

Дәлелдеу процесінің мазмұнын қарастыра келе, тексеру мен бағалау дәлелдеудің барлық жақтары мен кезеңдеріне қатысты екенін байқау қиын емес. Дәлелдемелерді жинағанда, ең алдымен, нақты деректерді тасымалдағыштар мен дереккөздер тексеріледі; дәлелдемелерді бекіткенде де бұл элементтерге ерекше назар аударылады. Бұдан әрі тергеуші және сот дәлелдеменің пайда болуымен байланысты белгілеріне көңіл аудармай қалады. Дәлелдемелер мазмұнының нақты деректеріне сүйенуге көңіл аударылады. Дәлелдемелер тексеріліп болғанда және олардағы мәліметтер дұрыс деп танылғанда тергеуші және сот тиісті хабарламаларда айтылған фактілер шынымен орын алғанынан шығады. Дәлелдеу міндеті олардың және дәлелдеу мәнінің арасындағы байланысты орнату болады. Сондықтанда біз қорытындыларды логика тұрғысынан құру барысында фактілерге (мәліметтерге емес) сүйенеміз деп шартты түрде айтуға болады. Бұл жерде нақты деректердің нақты мазмұны, яғни дәлелдеу және дәлелдеме не үшін бар болса, дәл соның өзі бірінші кезекке шығады.

Дәлелдемелерді бағалауды оларды тексеруден ажырату керек екенін атап өткен жөн. Дәлелдемелерді тексеру дегеніміз:

- а) дәлелдемелерді талдау және зерттеу;
- ә) жаңа дәлелдемелерді табу және қолда бар дәлелдемелерді растау немесе теріске шығару;
- б) тексерілетін дәлелдемелерді істе бар дәлелдемелермен салыстыру.

Бұл ретте дәлелдемелер оның мазмұнын талдау және басқа дәлелдемелермен салыстыру арқылы оны тексерудің қажетті шартын құрады. Сонымен қатар дәлелдемелерді тексеру – оларды бағалаудың алғышарттары. Дәлелдемелерді бағалау және тексеру ұғымдары қалай да қиысатыны айқын. Бірақ бағалауға қарағанда дәлелдемелерді тексеру тергеушінің, прокурордың, соттың рйлау қызметіне ғана саймайды, ол қолда бар дәлелдемелерді зерттеу және жаңа дәлелдемелерді жинау бойынша практикалық әрекеттерден тұрады.

Атап өткеніміздей, дәлелдемелерді бағалау – бұл ойлау процесі. Алайда оны процестік дәлелдеу ұғымының шектерінен тыс дербес процестік санат ретінде қарауға болмайды. Біріншіден, белгілі болғандай, шын мәнісінде

дәлелдемелерді бағалау дәлелдемелік құқықтың аса жан-жақты әзірленген мәселелерінің бірі болғандықтан. Екіншіден, гносеологиялық та, процестік те аспектілерде ол дәлелдемелерді жинаумен және тексерумен ажырағысыз байланыста. Үшіншіден, дәлелдемелерді бағалауды қылмыстық-процестік дәлелдеуден бөліп алу негізсіз, себебі бағалау сыртқы қызмет тұрғысында объектіленетін, тиісті әрекеттерде және процестік актілерде (айыптау актісінде, қаулыда, үкімде) дәл осы дәлелдемелерді жинау және тексеру нәтижесі ретінде көрінетін пікірлер және қорытындылар болып табылады.

Атап өткеніміздей, дәлелдемелерді бағалау процестік барлық сатыларында орын алады және оның мәні қылмыстық іс бойынша дәлелдеу мәніне енетін мән-жайларды анықтау үшін дәлелдемелердің іске қатыстылығын, жол берілетіндігін және жеткіліктілігін анықтаудан тұрады (ҚР ҚПК 125-бабының 1-бөлігі).

Г.М. Миньковскийдің пікірінше, «дәлелдемелерді бағалау негізінде тергеу (сот) нұсқалары ұсынылады және олардың біреуі жеткілікті расталды ма және қалғандары теріске шығарылды ма – сол анықталады; әртүрлі процестік шешімдерді, оның ішінде тергеу (сот) әрекеттерін жүргізу туралы шешімдерді қабылдау үшін негіздер анықталады; істің және жалпы қылмыстың жекелеген мән-жайларының дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы қорытынды шығарылады» [64, 428 б.].

Қылмыстық процесте дәлелдемелерді бағалаудың негізгі принциптері жалпы түрде заңда көрсетілген және келесіден тұрады:

а) қылмыстық процесте дәлелдемелер еркін бағаланады, заң іс бойынша қорытындыларды негіздеу үшін олардың құндылығы мен жеткіліктігін алдын ала белгілемейді;

ә) тергеушінің, прокурордың және соттың дәлелдемелерді бағалаудан шығатын қорытындыларының мазмұны қандай болмасын адамның нұсқауларымен алдын ала анықтала алмайды (ҚР ҚПК 193-бабының 2-бөлігіне сәйкес міндетті болып табылатын қадағалайтын прокурордың тергеушіге, тергеу бөлімінің бастығына, анықтау органына, анықтау органының бастығына және анықтаушыға берген жазбаша нұсқаулары ерекше жағдайға жатады, бірақ оларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Алайда алынған нұсқауларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды);

б) дәлелдемелерді бағалау жан-жақты, толық және әділ болуы керек. Бұл күдіктіні «қолдайтын», сол сияқты оған «қарсы болатын» барлық мән-жайлар, айыптайтын және ақтайтын дәлелдемелер, барлық процеске қатысушылардың дәлелдері ескеріліп, қаралуы керек; барлық қажетті нұсқалар ұсынылып, зерттелуі тиіс; әрбір дәлелдеме талдауға және басқа дәлелдемелермен салыстыруға салынуы керек; зерттелетін дәлелдемелердің жиынтығынан іс бойынша дәлелдеу мәнін құратын фактілер туралы барлық қажетті қорытындылар жасалуы қажет дегенді білдіреді;

в) тергеушінің, прокурордың, соттың қылмыстық іс бойынша қорытындыларының негізінде дәлелдемелер жиынтығы жатқызылу керек.

Сонымен қатар, Б.Х. Төлеубекованың пікірі бойынша дәлелдемелерді бағалау келесі белгілермен сипатталу керек:

- дәлелдемелерді бағалау әрекет ету нысаны ретінде қылмыстық процесс бойы орын алады (қылмыстық іс қозғалғаннан бастап сот үкім шығарғанға дейін);

- дәлелдемелерді бағалау – серпінді процесс, істің мән-жайларының танымдылық деңгейіне байланысты сипатын өзгертуі мүмкін (сол бір дәлелдеме сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және одан кейін сотта әртүрлі бағалануы мүмкін);

- дәлелдемелерді процесте бағалайтын субъектілер тобы екі санаттағы адамдардан тұрады:

- а) қылмыстық сот ісін жүргізуге арнайы уәкілетті адамдар (сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы);

- ә) істің аяқталуына мүдделі немесе біреудің мүддесін білдіретін адамдар;

- істі мәні бойынша шешу үшін қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын адамдардан және органдардан шығатын дәлелдемелерді бағалау процестік маңызға ие;

- дәлелдеменің соңғы бағасын сот береді;

- дәлелдемелерді бағалау процесі логика заңдарына бағынады және қылмыстық-процестік құқық принциптеріне құрылады [65, 410 б.].

Заң әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс боуын талап етеді. Бұл белгілі бір дереккөздегі фактілер туралы мәліметтер қандай болмасын дәйектілікке ие болса да, оларды әлі қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде қарауға болмайды. Көп жылғы зерттеу нәтижелері ретінде қалыптасқан отандық доктрина дәлелдемені дәлелдеуге жататын фактінің болуын растайтын негіздейтін дәйек ретінде қарастырады. Алайда бұл дәйектің өз нысаны мен өз мазмұны бар. Біріншісі дәлелдемелердің жол берілетіндік сияқты қажетті қасиетін, екіншісі олардың қатыстылығын белгілейді.

Процестік әдебиетте ең алдымен дәлелдемелердің қатыстылығы бағалануы тиіс, содан кейін ғана оның жол берілетіндігі бағалануы мүмкін деген ереже жалпы танылған ереже болып табылады [66, 20 б.]. Б.Т. Матюшиннің ойынша, нақты деректердің қатыстылығын анықтау үшін олардың қаралатын істің мән-жайларымен, ең алдымен дәлелдеу мәні фактілерімен байланысын анықтау қажет. Алайда бұл тек оның қатыстылығының нұсқаларының бірі ғана. Дәлелдеменің дәлелдеу мәнімен байланысы болмайтын жағдайлар болуы мүмкін, дегенмен ол қатысты болып табылады [67, 23 б.]. Осы көзқарасты қолдай отырып, М.К. Треушников дәлелдеу мәні фактілерін растауға немесе теріске шығаруға қабілетті ұсынылған дәлелдемелер; дәлелдемелік фактілер; соттың жеке қаулысын

шығару үшін негіз беретін фактілер және іс бойынша қорытынды шешімге әсер ететін фактілер қатысты дәлелдемелер болып табылады деп есептейді [68, 57 б.].

Қазақстандық заң шығарушы да осындай көзқарасты ұстанады. Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының 3-бөлігіне сәйкес егер дәлелдеме осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады. Сондықтан дәлелдемелердің қатыстылығы – бұл олардың мазмұнына жататын және дәлелдемелік ақпарат пен дәлелдеуге жататын мән-жайлар арасындағы байланыстың бар екенін көрсететін белгі. Дәлелдемелер іске қатысты ма дегенді анықтау негізін жалпы түрде дәлелдеу мәнін белгілейтін қылмыстық-процестік заң және қылмыстық құқық бұзушылықтың сол немесе өзге де құрамына қатысты дәлелдеу мәнінің жалпы ұғымын нақтылайтын қылмыстық заң береді.

Бұл ретте дәлелдемелерді бағалаудағы ең қауіпті қателік – объективті байланысты фактілердің кездейсоқ сәйкестіктерімен араластыру. Сондықтан сол немесе өзге де дәлелдемелердің дәлелденетін фактіге қатыстылығын анықтай отырып, «кездейсоқтық гипотезасы кез келген басқа түсіндіру түріне балама болып табылады» дегенді ескере отырып, бұл жерде кездейсоқ сәйкес келу орын алған жоқ па екенін талдау қажет [69, 142 б.].

Дәлелдемелердің қатыстылығының критерийлері:

- дәлелдеменің ізделетін фактімен байланысы;
- нақты дәлелдемелермен анықталатын мән-жайлардың іс үшін маңыздылығы;
- осы дәлелдемелердің дәл осындай дәлелдемелерді анықтау үшін маңызы [70, 104 б.].

Дәлелдемелердің ізделетін фактімен байланысының маңызы осы критерийге сүйене отырып, «тергеуші және сот қылмыстық істерді тергеп-тексеру және қарау кезінде кездесетін нақты материалдардың «үйіндісінен» оларды дұрыс шешу үшін қажетті деректерді таңдап алатыны» болып табылады [71, с.104].

Сонымен қатар, дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселені шешу үшін оларда бар ақпараттың сипаты маңызды емес екенін атап өткен жөн (дәлелдемелер ізделетін фактілерді растауы немесе теріске шығаруы мүмкін). Қатыстылық – дәлелдеудің мәндік жағын қозғайтын ішкі қасиет белгісі. Сонымен қатар, аталған белгі істі артық ақпаратпен толтырмай, анықталатын мән-жайларға қатысы бар материалдарды ғана іске жинауға мүмкіндік беретінінен көрінеді.

Егер дәлелдеме осы Қазақстан Республикасы ҚПК нормаларында белгіленген тәртіппен алынған болса, ол жол берілетін дәлелдеме деп танылады (ҚР ҚПК 125-бабының 4-бөлігі). Демек, жол берілетіндік – бұл дәлелдемелердің мазмұнына да, сол сияқты нысанына да жататын және дәлелдемелерді алумен және бекітумен (уәкілетті дәлелдеу субъектісінің заңда

көрсетілген құралдарды қолданумен тиісті дереккөзден алуы) байланысты заңның барлық талаптарын сақтау туралы куәландыратын белгі.

Дәлелдемелердің қатыстылығы мен жол берілетіндігі арасындағы арақатынасты анықтай отырып, В.Д. Арсеньев былай деп жазады: «Егер қылмыстық-процестік дәлелдемелердің мазмұны олардың іске қатыстылығын анықтайтын болса, онда дәлелдемелердің процестік нысаны олардың осы іс бойынша жол берілетіндігін анықтайды» [72, 104 б.].

Сондықтан заңда белгіленген рәсімдерді кез келген бұзушылық алынған дәлелдемелерді жол берілмейтін деп тануға әкеп соғады, бұл Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабында бекітілген.

Қолданыстағы заңнамада жол берілетіндік санаты алып тастау тәсілі деп аталатын тәсілмен шешіледі, оның мәні мынада: заңда тыйым салынбағанның барлығы алынған дәлелдемелерді жол берілетін деп тануға негіз ретінде қарастыруға болады.

Дәлелдемелердің жол берілетіндігі келесі міндетті белгілермен анықталады:

- оны алу дереккөзінің заңдылығы;
- оны алу шарттары мен тәсілдерінің заңдылығы;
- алынған дәлелдемелерді келесі сатыларда қабылдау.

Сондықтан жол берілетіндікті анықтау кезінде тергеу немесе сот әрекеттерін жүргізудің және оның нәтижелерін бекітудің процестік нысаны сақталғанын тексеру қажет. Мысалы, айыпталушының туысқаны болып табылатын куәнің айғақтарындағы мәліметтер, егер оған куәнің иммунитеті құқығы түсіндірілмесе не егер одан бас тарту хаттамада қол қоюмен расталмаса, дәлелдемелердің жол берілетіндігіне жауап бермейді.

Сөйтіп, дәлелдемелердің жол берілетіндігі тұрғысынан оларды бағалау – бұл төмендегі мәселелерді шешу:

- 1) заң қылмыстық іс бойынша нақты деректер дереккөздерінің осы түпін қолдануға рұқсат бере ме;
- 2) ақпаратты алу және бекіту кезінде процестік заңды бұзуға жол берілді ме;
- 3) егер процестік бұзушылықтарға жол берілсе, олар тиісті ақпараттың дұрыстығы мен толықтығына әсер етті ме;
- 4) нақты деректерді анықтау үшін барлық қажетті дереккөздер қолданылды ма.

Дәлелдемелердің қатыстылығы мен жол берілетіндігін анықтап алып, қылмыстық процесті жүргізуші орган ол *дұрыс* па, яғни шындықты көрсететін болып табылады ма екенін анықтау керек. Дәлелдемелердің жол берілетіндігін бағалау – бұл олардың дұрыстығын бағалаудың қажетті шарты, себебі дәлелдемелерді жол берілетін деп тану оның дұрыстығы туралы мәселені алдын ала шешпейді. Дәлелдеменің жол берілетіндігі туралы қорытынды оның дұрыстығы туралы қорытындының негізін салады, бірақ оны алмастырмайды.

Дәлелдемелердің дұрыстығы туралы сұраққа жауап беру үшін жиынтығында оның дереккөзін, ақпараттың мазмұнын және дәлелдемелерді қалыптастырудың барлық процесін талдау қажет. Алайда бұл да жеткіліксіз, себебі жекелеген дәлелдеменің дұрыстығы туралы соңғы шешім оны басқа дәлелдемелермен, содан кейін олардың жиынтығымен салыстыру нәтижесінде ғана қабылдана алады.

Дәлелдемелердің дұрыстығын анықтауда жағымсыз мән-жайларды да анықтаудың маңызы зор: егер жиналған дәлелдемелер дұрыс болса, заттардың объективті жағдайына байланысты орын алуы тиіс фактілердің жоқтығын анықтау; не осы жағдайда заттардың кәдімгі барысы туралы көзқарасқа қарама-қарсы келетін фактілердің болуы. Егер осындай мән-жайларды байқамаса, оларға тиісінше баға бермесе және өз қорытындыларын қайта қарамаса, онда бұл негізсіз шешімге әкеп соғуы мүмкін [73, 143-144 б.].

Дәлелдемелердің дұрыстығын бағалау тергеу әрекеттері барысында тергеу нұсқаларын ұсыну, процестік шешім қабылдау кезінде жүргізіледі. Дәлелдемелердің дұрыстығын бағалау мәні мынадан тұрады:

- мәліметтерге ие адам (куә, жәбірленуші, сарапшы және т.б.) шынайы және толық айғақтар (қорытындылар) беру қабілеті тұрғысынан зерделейді;
- ақпараттың материалдық тасымалдағышын (зат, құжат, өзге де материалдар) табу сипаты мен шарттары зерделенеді;
- мәліметтердің мазмұны (баяндау реті мен толықтығы, қарама-қайшылықтардың, дәл еместіктің, кемшіліктердің болуы, ғылымның деректерінен қалыптасқан қорытындылардың негізділігі және т.б.) талданады; осы процестік дереккөзден алынған ақпарат басқа процестік дереккөздерден алынған ақпаратпен салыстырылады [74, 411 б.].

Бағалау дәлелдемелердің дұрыстығын анықтаумен аяқталмайды. Іс үшін маңызы бар мән-жайларды дәлелденген деп тану үшін дәлелдемелердің әрқайсысының маңызын және олардың жиынтығының жеткіліктігін анықтау да керек. Шешім қабылдау үшін дәлелдемелердің жеткіліктігін анықтау – дәлелдемелерді бағалауды аяқтайтын дербес міндет, себебі дәлелдемелер іске қатысты, жол берілетіндік талаптарына жауап береді, дұрыс, бірақ олар қорытындыны негіздеу үшін жеткіліксіз болады.

Межеленген іс-шараларды аяқтап, дәлелдеу субъектісі жиналған дәлелдемелерді олардың дәлелдеу мәніне енетін мән-жайлардың қажетті шектерде анықталғаны туралы қорытынды жасау үшін жеткіліктігі тұрғысынан талдайды. Дәлелдеу субъектісінің жиналған дәлелдемелердің жеткіліктігі туралы қорытындысы негізінде оның *ішкі сенімі* жатыр, ол соған сәйкес оларды бағалайды. Сонымен қатар заң ішкі сенімді субъективті фактор ретінде оның объективті негізімен: қылмыстық процесті жүргізетін адамның практикалық қызметі барысында жиналған деректермен байланыстырады. Осыдан ішкі сенімнің ақиқаттылығының критерийі фактілерді тану тәсілі ретінде практика болып табылады, себебі ішкі сенім әртүрлі адамдарда әртүрлі негіздерде қалыптасады. Біреуіне шешім шығару үшін жеткілікті болып көрінген зат

екіншісінде тек алғашқы күдік тудырады. Алайда ішкі сенім процестік шешім қабылдау сәтінде оның негізіне салынған қорытындының (сенімді немесе болжалды) сипатын тікелей анықтамайды, оның маңызын мүлдем азайтпайды. Бастысы – қабылданатын шешімнің дұрыстығына сенімді болу, себебі сенім – бұл тек осы білімнің дұрыстығын білу және сенімді болу ғана месе, сонымен қатар әрекетке талпындыратын себеп. Дәл осы жиналған дәлелдемелерге сүйенетін ішкі сенім процестің жалғасуы, оның келесі сатыға ауысуы үшін қажетті алғышарт болып табылады. Ерікті әрекетке ынталандыру бола отырып, ішкі сенім қабылданған шешімге сай әрекет ету дайындығына себепші болады, дәлелдеу субъектісі оның дұрыстығына күмән келтірмейді [75, 144-145 б.].

Негізгі дәлелдеу субъектілері ретінде дәлелдемелерді әртүрлі процестік жағдайларда бағалайтын мемлекет органдары болып табылады, олардың ерекшелігі процестің әр сатысының міндеттерімен және ерекшеліктерімен анықталады. Бұл ретте процестің әртүрлі сатыларында дәлелдемелерді бағалауды ретімен жүргізетін органдар және лауазымды адамдар бір-біріне тәуелді болмайтынына, сондықтанда бұл бағалаудың мәні мен нәтижелері тек істің мән-жайларымен, заң талаптарымен және олардың ішкі сенімдерімен анықталатынына ерекше назар аудару керек.

Заң процестік нысандарды қолдана отырып, қылмыстық істе өзінің немесе өкілдік ететін мүдделерді қорғайтын сот ісін жүргізуге қатысушылар дәлелдемелерді бағалауға құқықлы (бірақ міндетті емес) болатын процестік нысандарды белгілейді; оларға: дәлелдемелерді талап ету, алдын ала және сот тергеуін толықтыру туралы өтініштер; айыпталушының айыптау мәні бойынша және істер бар дәлелдемелерге қатысты түсініктемелер беру; сот жарыссөздерінде және репликаларда сөз сөйлеу; сотталушының соңғы сөзі; сотқа істің қалаулы шешілуіне байланысты жазбаша ұсынымдар беру; мемлекеттік айыптаушының соттағы қорытындысы, кассациялық шағымдар мен наразылықтар жатады.

Алайда тергеуші, прокурор, сот жүргізген дәлелдемелерді бағалау ғана процестік шешімдердің мазмұнын тікелей анықтайды.

Іске қатысушы адамдар (бір мезгілде прокурорлық қадағалау органы болып табылатын мемлекеттік айыптаушыдар басқа) өздерінің жеке (ұсынылатын) заңды мүдделерін қорғау мақсатында дәлелдемелерді бағалайды. Сондықтан заң олардың қорытындыларына жан-жақтылық, толықтық және әділдік талаптарын қоймайды, себебі осы адамдардың белгілі бір жақтылығы дәлелдемелерді бағалау кезінде олардың дәлелдеудегі ерекше міндеттерімен анықталады. Осыған байланысты іске жауапты органдар дәлелдемелерді бағалау кезінде заңды және құқықтық сезімді басшылыққа алуға міндетті, ал процестің басқа қатысушылары (мемлекеттік айыптаушыдан басқа) дәлелдемелерді бағалау кезінде аталған критерийлерді басшылыққа ала алады, бірақ міндетті емес. Мысалы, күдіктінің немесе жәбірленушінің құқықтық сезімі қоғамдық мүдделерге сәйкес келмеуі мүмкін; бұл адамдар дәлелдемелерді бағалауға бұрыс критерийлермен келуі мүмкін. Дегенмен, олар

дәлелдемелерді өз ойынша бағалауға және тергеушіге, сотқа өз ойын білдіруге құқылы. Іске қатысатын адамдар процестік актілерде берілген дәлелдемелерді бағалаумен келісуі немесе келіспеуі мүмкін, тіпті заңда белгіленген тәртіпте оның дұрыстығымен дауласа алады. Бірақ бұл актілер күшін жоймағанша, олар процестің сатыдан сатыға жылжуын анықтайды және орындауға жатады. Сонымен, тергеушінің, анықтаушының, прокурордың, соттың дәлелдемелерді бағалауы белгілі бір құқықтық салдарға әкеп соғады. Оған қарағанда өз немесе өкілдік ететін мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылардың дәлелдемелерді бағалауы тергеушіні, анықтаушыны, прокурорды немесе сотты тиісті процеске қатысушының қорытындыларының дұрыстығына сендіруді мақсат етіп қойған. Тек осы мағынада ол процестің аяқталуына әсер ете алады.

Тек баяндалғандар келесідей анықтама беруге мүмкіндік береді. Дәлелдемелерді бағалау - бұл тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе соттың ойлау қызметі, олар заңды және құқықтық сезімді басшылыққа ала отырып, іс бойынша қорытынды жасау үшін дәлелдемелердің қатыстылығын, жол берілетіндігін, дұрыстығын және жеткіліктігін анықтай келе, әр дәлелдемені жеке және жиынтығында өзінің ішкі сенімі бойынша қарастырады. Дәлелдемелерді бағалау негізінде тергеу (сот) нұсқалары ұсынылады және олардың біреуі жеткілікті расталды ма және барлық қалғандары теріске шығарылды ма – сол анықталады; әртүрлі процестік шешімдерді, оның ішінде тергеу (сот) әрекеттерін жүргізу туралы шешімдерді қабылдау үшін негіздер белгіленеді; істің және жалпы қылмыстың жекелеген мән-жайларының дәлелденгені және дәлелденбегені туралы қорытынды жасалады [76, 93 б.].

Соңғы дәлелдеу элементі – бұл істің заңды, негізді және әділ шешілуі үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді пайдалану. Бұдан шығатыны, дәлелдемелердің негізгі қызметі – кінәлі адамның қылмыстық әрекеттері мен туындаған зиянды салдар арасындағы себепті байланысты орнату, сондай-ақ дәлелдеу мәніне енетінбасқа да мән-жайларды анықтау (ҚР ҚПК 113-бабы). Мұны жанама дәлелдеу мысалында қарастырайық, онда мән мен құбылыстың байланысы олар үшін ортақ мән арқылы аралық фактілердің байланысы ретінде көрсетілген. Мысалы, адамның қару сатып алу, үй-жайларды күзету тәртібін анықтау, банкке шабуыл жасау үшін құралдарды дайындау сияқты әрекеттері олардың ішкі тұтастығын, олардың мәнін: қылмысқа дайындалуды құрайтынымен өзара байланысты. Адамның белгілі бір оқиғада қасақана әрекет еткеніне осы адам айтқан ниеттер, қылмыс салдарына қызығушылығының болуы және т.б. туралы деректер дәлелдеме болады. Бастапқыда бөлек қаралатын қаруларды сатып алу, сақтайтын жерді дайындау, теміржол билетін сатып алу және т.с.с. жекелеген фактілер бір-бірімен байланысты емес, кездейсоқ сәйкес келген оқиғалар сияқты көрінуі мүмкін, олардың әрқайсысының өзіндік ерекше түсіндіріледі. Балта шаруашылық қажеттіліктерге, билет дачаға бару үшін және т.с.с. сатып алынуы мүмкін. Ол арада ой оқиғаның сыртқы көзбояушылығынан ішкі мәніне

жылжиды. Бұл қозғалыстың формалды шектері индукция болып табылады: бірқатар құбылыстардан олардың мәнін құрайтын жалпы нәрсені көру. Бұл ретте қару күзетті өлтіру үшін, билет қарақшылық шабуылдан кейін қашу үшін сатып алынғаны анықталады және т.с.с.

Барлық осы әрекеттердің мәні бір – қылмысқа дайындық. Бұл ретте бөлек себепті емес, себеп салдарды туындататын мән-жайлар кешенін (себеп және барлық қажетті жағдайлар) ескеру керек [77, 65 б.].

Сонымен қоса себептен салдарға шығуға шартты үзілді-кесілді силлогизм сәйкес келеді: «егер автокөліктің тежегіштері жұмыс істемесе, онда апат болуы мүмкін». Аталған себеп тек бірқатар жағдайлар – тайғақ жол, жылдамдықпен жүру және т.с.с. болса, шынымен апат тудыруы мүмкін. Қорытынды шығармас бұрын ықтимал мүмкіндікті шындыққа айналдырудың барлық қажетті және жеткілікті жағдайлары бар екеніне көз жеткізу қажет. Осы алдын ала сатының міндетін аталған жағдайларды іздеп табу ретінде қалыптастыруға болады, осы мақсатты бұл фактілерді растайтын дәлелдемелер қолданылады (мысалы, ауа райы туралы анықтама, жүргізушіні сот-медициналық куәландыру, автомобильдің техникалық сараптамасы және т.б.).

Егер шынымен барлық жағдайлар анықталса және егер жалпы қорытындыға қарама-қайшы келетін немесе жол-көлік оқиғасын жасаған адамның жауапкершілігін жоққа шығаратын жағдайлар кездеспесе, онда жиналған дәлелдемелер негізінде жүргізушінің кінәлілігі туралы қорытынды әбден заңды болады. Себептен сотқа дейінгі тергеп-тексеруге тікелей бағыт негізінде дәлелдеу тергеу және сот практикасында кездеседі, алайда осы байланыстың кері бағыты: салдардан себепке бағыты бойынша дәлелдеудің маңызы артығырақ, себебі негізінен сот ісін жүргізу органдарына мәлім болған қылмыстық салдар қылмыстық-процестік қатынастардың туындауына негіз болады. Әрбір алынған дәлелдеменің, егер ол іске қатысты болса, соңғы қорытындыларды негіздеу үшін нақты ақпараты болады. Егер жеке дәлелдеме ештеңені дәлелдемесе, онда осындай «дәлелдемелердің» жиынтығы ештеңені негіздей алмас еді. Сондықтан дәлелдеудің бірінші аналитикалық кезеңінде тергеуші жекелеген дәлелдемелерді және осы дәлелдемелерден шығатын қорытындыларды бағалау керек. Осыдан кейін аса күрделі кешендер және, ақыр соңында, жалпы барша жүйенің құрылымы, толықтығы және қарама-қайшы еместігі зерттеледі. Сонымен, зерттеу жүйе элементтерін талдаудан басталып, оның синтезімен аяқталады.

Мысалы, ұрланған мүлікті күдікті адамнан табу оның ұрлыққа қатыстылығы туралы қорытындыны негіздеу үшін қолданылады. Оның оқиға орнындағы саусақ іздерінің болуы оның осы пәтерде болғанын дәлелдейді. Оның ұрлық жасалған сәтте үйде болмағаны және оны жәбірленуші тұратын ауданнан көргені туралы куә айғақтары оның дәл осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға ниеті туралы куәландырады. Ал алынған дәлелдемелердің жиынтығы күдіктінің жеке басын сипаттайтын деректермен бірге айыптауды тұжырымдау қажеттігін растайды.

Дәл сол сияқты айғақтар және фактілер туралы мәліметтердің басқа да түрлері мұндай фактілер шын мәнісінде орын алғаны және кейін ой толғаудың келесі деңгейінде басқа фактілер туралы қорытынды жасау үшін және т.б. дәлелдеме ретінде қолданылады.

Мұндай қорытындылар еркін жасалған қорытынды болмайды. Олар да нақты дәлелдемелерге және фактілер арасындағы объективті байланыстың болуына негізделген. Соңғысы тергеушінің қорытынды шешімінде баяндалған қорытындылар дәлелдемелердің тиісті дереккөздерінде расталмаған болжамдарға негізделе алмайды деген заң шығарушының нормативтік ұйғарымдарында көрініс тапқан тиісті байланысты пікірлерде ереже түрінде тұжырымдалған.

4 ТАРАУ АНАЛИЗ ЛИЧНОСТИ В ПОИСКОВО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУБЪЕКТОВ ДОКАЗЫВАНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ДОКАЗЫВАНИИ НТС

4.1 Дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтаудағы жәбірленушінің жеке басы

Дәлелдеу процесінде жәбірленушінің жеке басын зерттеу қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процестік міндеттерді дәлелдеудің криминалистік құралдарымен шешуге ықпал етеді. Жәбірленушінің жеке басы қылмыстық әрекеттер механизмінде жеке өзінің қасиеттерінен көрінеді, оның қылмыскердің қылмыс жасауға ниетінің бағытын қалыптастырудағы рөлін, себеп-салдарлық байланыстарды, қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының қалыптасуындағы және дамуындағы кеңістік-уақыт факторларын ашады.

Жәбірленушінің жеке басы қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде және өзара әрекет ету субъектісі ретінде қылмыстық әрекет механизмінде жеке өзінің қасиеттерінен көріне отырып, криминалдық оқиғаның сипатын қылмыс жасау алдында болған және қылмыс жасалғаннан кейін орын алған факторлармен аша келе, объективті-субъективті сипаттағы жағдайлармен және мән-жайлармен анықтайды.

Сонымен, криминалдық оқиғаның жағдайлары мен мән-жайларын жүйелік талдау қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, тергеп-тексеру және ескерту кезінде жәбірленушінің жеке басын қылмыстық қол сұғушылық объектісі және өзара әрекет ету субъектісі ретінде зерттеуге байланысты. Жәбірленушінің жеке басының рөлі мен маңызын анықтау дәлелдеу процесінде маңызды рөл атқарады, себебі жәбірленуші дәлелдемелік ақпаратты жинау, зерттеу, бекіту және қолдану кезінде өте маңызды қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының себепті-тергеулік байланысында түрткі болатын-реттейтін механизмнің, қылмыс жасау, жасыру себептері мен жағдайларының, тергеп-тексеруге қарсы әрекет етудің анықтайтын факторы ретінде болады.

Жәбірленушінің жеке басы қылмыстың мән-жайларын дәлелдеу барысында із іздердің пайда болу механизмінде дәлелдеу субъектілерінің іздеу-тану қызметі үшін ақпараттық негіз бола отырып, оның әрекеттеріндегі (әрекетсіздігіндегі) белсенділігін мінез-құлық құбылыстарымен ашатын қылмыстың мән-жайларын дәлелдеу барысында криминалистикалық тұрғыда маңызды ақпарат дереккөзі болып табылады.

«Жәбірленушінің іздері – құрбанның бейнесі, оның қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы әрекет етуі ретінде пайда болатын және қылмыс, ол болған мән-жайлар туралы куәландыра алатын, сондай-ақ оны жасаған нақты адамға (адамдарға) көрсететін қоршаған ортадағы (материалдық ортаның объектілерінде) және қылмыскердегі өзгерістердің барлығы» [78, 528 б.].

Жәбірленушінің жеке басы іздің пайда болу механизмінде адам денесінің сыртқы құрылысы мен қасиеттерін бейнелейтін (тіс, аяқ, қол және т.б. іздерін),

қорғану үшін қолданылған қаруларды, құралдарды бейнелейтін биологиялық сипаттағы сәйкестендіретін белгілермен бейнеленеді (бөлінділердің, дене және мүше бөлшегінің, шаштың, тырнақтың және т.б. іздері). Демек жәбірленуші қылмыстық қол сұғушылық объектісі және өзара әрекет ету субъектісі ретінде қылмыстық әрекет механизмінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының себеп-салдарлық қатынастар туралы ақпарат беретін даралық, талғамдық және басымдық қасиеттерімен байқалады.

Жәбірленушіде қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде, заттарда, объектілерде қалдырған іздерін, сондай-ақ қарау және зерттеу жәбірленушінің қылмыскермен себеп-салдарлық байланысының із қалдыруы туралы ақпарат беретін қылмыскердің жәбірленушіде (соның ішінде мәйітте) қалдырған іздерін зерттеу кезінде қылмыскермен байланысы, қарым-қатынасы туралы ақпараттық жүктеме болады. Сот-медициналық сараптама жүргізу арқылы мәйітті қарау және зерттеу өлімнің, денедегі жарақаттың, мәйітпен жасалған әрекеттердің себебіне, тәсіліне немесе құралдарына; жәбірленушінің өлімге дейінгі және одан кейінгі жай-күйіне, мән-жайларына және оны келтіру салдарына; мәйіттің бөлшектеріне; жәбірленушіні, ол туралы деректерді салыстыруға қатысты ақпарат алуға ықпал етеді.

Мәйітті қарау және зерттеу кезінде дәлелдеу субъектілері күш қолдану әдісімен өлтіру туралы ақпарат алғанда өлтіру тәсілін анықтайды. Өлтіру тәсіліне байланысты тергеп-тексеру кезінде:

- 1) танылмаған және мүшеленген мәйіттерді табылған;
- Ату қаруын қолданумен жасалған;
- Жарылғыш құрылғы қолданылған;
- Тұншықтыру арқылы жүзеге асырылған;
- Улау арқылы жасалған;
- Сұқпалы-кеспелі қарулар және өтпейтін заттар қолданылған;
- Жәбірленуші биіктіктен құлатылған;
- Солай болғандай етіп бүркемеленген кісі өлтіру анықталады.

Мысалы, жарылғыш құрылғыларды қолдануға тән белгілер – мәйіт, оның бөлшектері жарылу ошағынан едәуір қашықтыққа лақтырылады. Жарақаттардың негізгі бөлігі әдетте жәбірленушінің жарылу ошағына (эпицентрге) қаралған жағында болады. Өте қатты жарылыс болғанда адамның басы, аяқ-қолдары жұлынып түсуі мүмкін; әдетте ішкі мүшелер мен тіндердің бұлшық еттері жарылады; мида және өкпеде қан құйылу жиі болады; денеде күйе табылады, қадалған шыны сынықтарымен қатар металл тозаңы байқалады; күйе, шаштың және киім талшықтарының шарпылуы жиі байқалады.

Жіпте асылып тұрған мәйітті қараған кезде дене қалпына, еденнен мәйіттің аяғына және ол асылып тұрған тірекке дейінгі арақашықтыққа, ілмек жасалған жіптің, сымның өлшеміне, ілмекті және ол бекітілген жердегі тіректі зерттеуге, мәйіттің мойнындағы түйіндерге және странгуляциялық жүлгеге ерекше назар аударылады.

Жасалған қылмысты бүркемелеу тәсілі ретінде өзін-өзі асу болғандай жасау аса жиі кездеседі. Солай болғандай етіп жасауды танып білу үшін странгуляциялық жүлгенің сипаты мен жағдайының маңызы зор. Кісі өлтіру (тұншықтыру) кезінде странгуляциялық жүлге мойынның бойлық өзегіне қатысты көлденеңінен, әдетте қалқан шеміршегінен төмен орналасады және тұйық сипатта болады (үзілген жер болмайды). Өзін-өзі асу арқылы болған өзін-өзі өлтіру кезінде странгуляциялық жүлге қиғаш бағытта болады, әдетте қалқан шеміршегінен жоғары орналасады және тұйық болмайды, яғни ілмек түйінге қосылған жерде жүлге жоғалып кетеді. Бұл жіптің дене салмағымен жоғары созылатындығымен түсіндіріледі. Странгуляциялық жүлгенің көзі тірісінде болғанын жүлгенің шеттеріндегі ұсақ қан құйылу, жекелеген ұсақ қан құйылуы бар кеңейген қан тамырлары және басқа да белгілер көрсетеді. Өлкеннен кейінгі странгуляциялық жүлге бозарған, айналасындағы тканьдерге ешқандай әрекет белгілерісіз болады.

Дәлелдеу субъектілері қосымша мазмұнды ақпаратты сот-медициналық сараптама тағайындалғаннан кейін алады, оның нәтижелері кісі өлтіру тәсілдері туралы ақпарат береді, сөйтіп қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық қатынасын, кеңістік-уақыт факторларын ашады. Сонымен қатар қалмыс жасау құралы туралы ақпарат алуға болады, мысалы:

а) жарақаттар қандай қарумен келтірілген; қолданылған сұқпалы-кеспелі қарудың жүзінің пішіні, ұзындығы, жалпақтығы қандай;

б) жарақат сұқпалы, кеспелі, сұқпалы-кеспелі қарумен, жұдырық соққыларымен, аяқ соққыларымен келтірілген бе;

в) жарақаттар бір немесе бірнеше қарумен келтірілген бе.

Сот-медициналық сараптама мәйітті мүшелеу тәсілін анықтап, мәйітті бөлшектеген адамның мәйітті анатомдау дағдылары болған-болмағанына, адам өлгеннен кейін қанша уақыттан соң және қандай құралмен мүшеленгеніне қатысты өз пікірін білдіреді.

Сонымен, мәйітті зерттеу қылмыстық әрекет механизмі туралы ақпарат алу объектісі ретінде туындаған нәтиженің, салдардың, субъект-объект қатынастарын қалыптастырудың қозғаушы-реттеуші процестерін ашатын «қылмыскер-жәбірленуші» қатынастары жүйесінің өзара байланысы туралы ақпарат беретін жәбірленушінің жеке басын анықтау жөніндегі сәйкестендіру міндетін шешуге ықпал етеді. Мәйітті қарау және зерттеу кезінде қылмыстық әрекет механизмінде барлығы бірге субъектті-субъекттік, субъектті-объекттік қатынастарды анықтауға ықпал ететін мәйіттің жай-күйі, дене қалпы, жатқан жері, ондағы жарақаттар, киімі, жанында болған құжаттары, жазбалары, жеке қолданатын заттары, адамның сыртқы бейнесінің жалпы демографиялық, жалпы физикалық, анатомиялық белгілері ақпарат беретін сипаттағы мән-жайлар болып табылады. Себеп-салдарлық қатынастарды анықтау қылмыстарды жасау, жасыру жағдайлары мен мән-жайларын анықтауға, тергеп-тексеруге қарсы әрекет етуге ықпал етеді.

Жәбірленушінің мәйітіне байланысты: мәйітті жасырмай, жоймай, мүшелемей оқиға орнынан басқа жерге ауыстыру; мәйітті жасырып, жойып, мүшелеп, сиқын бұзып, оқиға орнынан басқа жерге ауыстыру; мәйітті оқиға орнында ішінара немесе толық жою, сиқын бұзу, мүшелеу сияқты жасыру тәсілдерін анықтау туысқандық, ашыналық, жақын, әріптестік қатынастардың болғаны туралы нұсқаны ұсынуға ықпал етеді.

Дәлелдеу процесінде нұсқалық әдісті қолдану қылмыс жасады деген күдіктілер тобын, қылмыстық топтың болғанын, қылмыс жасаудың «тапсырыстық» сипатын анықтаумен дәлелдеу субъектісінің іздеу-тану қызметін анықтайды. «Тапсырыстық» кәсә өлтірулерді ашуды, тергеп-тексеруді және ескертуді ұйымдастыру жәбірленушіден бастап, себеп арқылы, тапсырыс берушіге және орындаушыларға (делдалдық етушіге, көмекшіге) дейінгі байланысты ашу жолымен дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтауға байланысты болады.

«Тапсырыстық» кісі өлтірулердің әдеттегі себебі: а) бизнес бойынша бәсекелестің көзін құрту ниеті; ә) жалға алушының жәбірленушіге қарызын төлеуден құтылуға ниеті немесе жәбірленушінің жалға алушыға қарысын қайтаруға ниетінің болмауы; б) жалға алушының бизнес өте іскер жәбірленушіні көре алмауы; в) қылмыстық жолмен табылған олжаны бөлісуге байланысты жанжал; г) кек алу (мемлекеттік қайраткерден – белгілі бір талаптарды орындамағаны үшін, жәбірленушіден – шартты орындамағаны, ұрып-соққаны, қорлағаны, қылмыстық топ мүшесін өлтіргені үшін; ғ) жәбірленушінің пәтерін иемденіп алу немесе сатып алынған пәтердің құнын төлеуден жалтару ниеті; д) қылмыстық топтардың әсе ету саласын бөлуге қатысты жанжал; е) қызғану және кейбір басқа да тұрмыстық сипаттағы себептер [79, 80 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ниет бағытын қалыптастыру мен дамытудың қозғаушы-реттеуші механизмдері қылмыс жасау жағдайының шарттары мен мән-жайларын таңдау және қолдану, мақсатқа жету міндеттерін, қаруларын, құралдарын және тәсілдерін көрсету арқылы «жәбірленуші мен қылмыскер» жүйесінің себеп-салдарлық шарттастығымен анықталған.

Қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық реттеуіштерінің корреляциялық байланысын анықтау қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және ескерту барысында таным міндеттерін шешу әдістерін анықтайтын құбылыстың, оқиғаның қалыптасуы мен дамуының логикалық ретінің көрінуінің заңды процестерімен байланысты, олардың бірі нұсқалық әдіс болып табылады. «Тапсырыстық» кісі өлтіруді ашу, тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтау, ұйымдастырушының, орындаушының, көмекшінің, делдалдық етушінің рөлдік функцияларын анықтау нұсқаларын ұсынуға және тексеруге байланысты. Қылмыстық істерді талдау негізінде криминалистика әдебиеттерінде ұйымдастырушы болуы мүмкін адамдар туралы ықтимал нұсқалар келтіріледі:

- мекеменің, кәсіпорынның, фирманың, банктің қызметін өз бақылауына алуға талпынған және ол ниеті қабыл алынбаған немесе қандай да бір қарсы әрекетке тап болған қылмыстық топтардың көшбасшылары;

- ұқсас қызмет түрімен айналысатын және табысты тапсырыс жасау, жеңілдікпен кредит, қарыз алу кезінде құрбанды бәсекелес көрген немесе кредиторлық-дебиторлық қарыз міндеттемелерімен өзара байланысты кәсіпорын, мекеме басшылары;

- құрбанның көзін жою және ортақ мүлікті, акциялардың бақылау пакетін иемдену, мекемені, кәсіпорынды жеке өзі иемдену және басқару мақсатында ортақ кәсіп бойынша әріптестер;

- құрбанның орнын алып қою немесе, керісінше, өзінің орнына ықтимал үсіткерді жібермеу мақсатында құрбанмен қызметтік өзара тәуелдік қатынастармен байланыстағы өзге де адамдар, сондай-ақ лауазымнан алынған, заңсыз қаржылық немесе шаруашылық қызметінің жолы кесілген адамдар. Бұл ірі мемлекеттік немесе коммерциялық кәсіпорынның, фирманың басшысы өлтірілген жағдайда [79,с.80].

Нұсқаларды ұсыну және тексеру процесі қылмыскердің және жәбірленушінің жеке басының қажеттілік-себептік саласынан, өзара әрекет ету субъектілері ретіндегі жәбірленушінің және қылмыскердің субъектілі-объектілік, субъектілі-субъекттік құрылымдардың сипатын анықтайтын кәсіби саласынан, өмір сүру салтынан шыға отырып, қатынастардың өзара байланысын және өзара шарттастығын анықтауға ықпал етеді. Демек субъектілі-субъекттік, субъектілі-объектілік қатынастарды қалыптастыру қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығының заңды процестерімен анықтаады, олар жәбірленушінің жеке басы және қылмыскерді жеке басы болып табылады.

Жәбірленушінің жеке басы жеке өзінің қасиеттерінен, өзара әрекет етудің тұлғааралық жағдайының шарттары мен мән-жайларын анықтайтын субъективтік мүмкіндіктерінен көріне отырып, қылмыстық әрекет механизмін криминалдық өзара әрекет ету жағдайының шарттарымен және мән-жайларымен анықтайды. Криминалдық өзара әрекет ету жағдайының анықтайтын факторларының бірі субъектілердің жеке басымдылығын іске асыру негізінде жанжалдық өзара әрекеттің шарттары мен мән-жайларын ашатын жәбірленушінің жеке басы болып табылады.

Күш қолдану қылмыстарын тергеп-тексеру кезінде өзара әрекет ету субъектілерінің жеке басымдылығы қылмыс жасауға ниетінің бағытын, денсаулыққа абайсызда немесе тікелей ниетімен зиян келтіруді, бұзақылық әрекеттерді, қызғануға байланысты жағдайды анықтайтын қозғаушы-реттеуші механизмдерімен қылмыстық әрекеттің сипатына себепші болған жанжалдың болуымен криминалдық жағдайдың шарттары мен мән-жайларын анықтайды. Демек бастапқы кезеңде, болған оқиғаның сипаты туралы мәселені шешу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықты жіктеуге байланысты қиындықтар туындайды. Оқиғаның белгісіздігінен, қылмыс оқиғасының нәтижелерінің,

салдарының әдеттегі көрінуіне қарай әртүрлі қылмыс түрлері үшін тән мән-жайларға байланысты күдік туындайды. Сондықтан күш қолдану қылмыстарын, ең алдымен, денсаулыққа зиян келтірумен байланысты қылмыстарды ашуды, тергеп-тексеруді және ескертуді ұйымдастыру әдеттегі нұсқаларды ұсынумен анықталады:

жарақат қасақана және арызда көрсетілген мән-жайлар кезінде келтірілген;

денсаулыққа зиян келтіру ғана емес, өзге де қылмыс айқын (бұзақылық, қинау, тонау, кісі өлтіруге оқталу);

жәбірленушінің өзінің немесе өзге де адамның абайсыздығы салдарынан денсаулыққа зиян келтіру;

жазатайым оқиға орын алды, ал қылмыс болған жоқ.

Аталған әдеттегі нұсқаларды ұсыну нақты міндеттерді шешу арқылы қылмыстық әрекет жасаудың мән-жайларын анықтау кезінде іздеу-тану қызметінің бағытын анықтауға ықпал етеді. Тергеп-тексерудің бастапқы кезеңінде міндеттерді анықтау қылмыстық әрекет механизмінде себеп-салдарлық қатынастарды анықтау кезінде оларды шешу тәсілдерін, тиімді құралдарын таңдауға байланысты болады. Әдеттегі нұсқаларды ұсынуға себепші болатын адамның өмірі мен денсаулығына қол сұғудың көрінуінің заңды процестерін зерттеу негізінде қылмыстық әрекеттің шарттары мен мән-жайларын анықтау мақсатқа жетудің құралдары мен тәсілдерін таңдау арқылы дәлелдеуге жататын мән-жайларды тануға ықпал етеді. Демек оларды зерттеу барысында жиналған дәлелдемелерді бағалау үшін қолайлы жағдай жасалады.

Денсаулыққа зиян келтіруді тергеп-тексеру әдістемесі көбінесе дәлелдеуге жататын мән-жайлармен: қылмыс оқиғасына жататын; айыпталушының қылмыс жасаудағы кінәсін анықтайтын; айыпталушының сипатын, деңгейін және жауапкершілік сипатын анықтайтын мән-жайлармен; зиян келтіруге ықпал ететін себептермен және жағдайлармен анықталады.

Күш қолдану қылмыстарын тергеп-тексеру әдістемесі өзара әрекет ететін субъектілердің тұлғааралық қатынастарына, жәбірленушінің қылмыстық әрекет механизміндегі қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретіндегі рөлі мен маңызын анықтауға қатысты зорлауды тергеп-тексеруді де анықтайтын қылмыскер мен жәбірленушінің өзара шарттастығына байланысты. Жәбірленушінің жеке басын зерттеудің ақпараттық сипаты болады. Ол қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде жәбірленушінің рөлін анықтауға, оның тергеу барысында ақиқатты анықтауға қатынасына, оның тергеп-тексеру барысында алдыға қоятын мақсаттарына; жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылық салдарын бағалауына; қылмыскерге қатынасына; жәбірленушінің жақын айналасындағылардың жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа және қылмыскерге қатысты позициясына байланысты. Зорлау туралы ақпаратты алудың бастапқы дереккөздерінің бірі ретінде жәбірленушінің жеке басы қызығушылық тудырады, оның қасиеттері қылмыстық әрекет механизмінде басымдылықтан, даралықтан, талғамдықтан көріне отырып, қылмыс

жағдайында қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығын аша келе, қылмыскермен қатынастарының қалыптасуынан және дамуынан көрінеді. Сондықтан жәбірленушінің жеке басын зерттеу жыныстық қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру барысында дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтаудың ақпараттық құралы болып табылады, себебі қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығының қалыптасуы мен дамуының шарттарын және мән-жайларын ашады.

Жәбірленушінің жеке басы, оны зерттеу, оның мінез-құлқын бағалау мына сұраққа жауап беруге көмектеседі: неге ол құрбан, яғни қылмыстық қол сұғушылық объектісі болды, зорлықшыны осы құрбанға қатысты зорлау әрекеттерін жасауға не түрткі болды. Басқаша айтқанда, жәбірленушінің жеке басын зерттеу қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді, себебі қылмыстық әрекет механизмінде құрбанның мінез-құлқымен ашылып, әрекеттегі (әрекетсіздіктегі) белсенділіктен көрінеді. Құрбанның мінез-құлқын біз өзара әрекет субъектісінің мораль, этика нормаларына, жалпы танылған құндылықтарға қатынасын ашатын өмір салтын, айрықша ерекшеліктерін, белгілерін, қасиеттерін көрсететін криминалдық жағдайдағы қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде жеке белсенділігін білдіру нысаны ретінде қараймыз. Құрбанның мінез-құлқы азғыратын, жеңілтек сипатта болуы мүмкін, яғни қылмыскердің қылмыс жасауға немесе оны жалғастыруға жігерлігін тудыруы мүмкін (жәбірленушінің криминогендік мінез-құлқы) [80, 47 б.]. Құрбанның мінез-құлқын сипаттайтын басқа жіктеу негізімен бейтарап мінез-құлық бөліп көрсетіледі, оларға бейтаныс қылмыскердің тосыннан шабуыл жасауынан кездейсоқ зардап шеккендер жатады. Құрбанның мінез-құлқынан шыға отырып, зорлау әрекеті жасалатын, әдетте кездесетін оқиғаларды бөліп көрсетуге болады:

1) жәбірленушінің қоздыратын мінез-құлқымен байланысты итермелейтін сипаттағы оқиғалар;

жәбірленушінің мінез-құлқы объективті түрде зорлауды жасауға ықпал ететін жағдайды туғызған оқиғалар;

жәбірленушінің мінез-құлқы дұрыс немесе бейтарап болған оқиғалар [81, 304 б.].

Сонымен, құрбанның мінез-құлқы жәбірленушінің жеке қасиеттерін білдірудің даралығын көрсете отырып, оның виктимдігін анықтайды, яғни жәбірленушінің қылмыстық әрекет механизміндегі жеке виктимдігі байқалады. Құрбан болып көрінудің жеке виктимдігі криминалистік міндеттерді шешуге: дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау барысында жәбірленушінің мінез-құлқын модельдеуге және болжауға, тактикалық және стратегиялық шешімдерді, соның ішінде қауіп жағдайында қабылдау және іске асыру үшін қолдануға, қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және ескерту әдістері мен тәсілдерін анықтайтын түрлік белгілері бойынша жүйелеуге ықпал етеді.

Сөйтіп, дәлелдеу субъектілерінің іздеу-тану қызметін анықтау өзара әрекет ету субъектілерінің – қылмыскердің жеке басы мен жәбірленушінің жеке басының криминалдық бағытын анықтауға байланысты. Олардың қылмыстық әрекет механизміндегі рөлі мен маңызы мінез-құлық көрінісімен ашылады. Жәбірленушінің жеке басының криминалдық бағыты моральға қарсы өмір салтына бағытталған мінез-құлық көріністерінен байқалады, оған виктимологиялық тұрғыда жәбірленушінің жеке басының типологиясын анықтайтын қоғамға қарсы зорлық мақсаты тән. Д.В.Ривман келтірген құрбанның (қасақана кісі өлтіруден және денсаулыққа зиян келтіруден зардап шеккендердің) типологиясын атап көрсетуге болады, ол агрессиялы типті бөледі: жәбірленушінің типі – агрессиялы зорлықшы, агрессиялы азғырушының типі, мұнда жәбірленушінің типі – талғамды агрессиялы азғырушыны (сексуалды тұрғыдағы талғамды агрессиялы азғырушыны) жеке топшаға бөлген. Пассивті жәбірленуші типі жеке типологияға бөлінген, оның өкілдерінің ішінде сыншыл емес жәбірленуші типі ашылады, онда пайдакүнемдік тұрғыдағы талғамды-агрессиялы азғырушының типологиясы енген [81, 304 б.].

Жәбірленушілердің мінез-құлық көріністерін виктимологиялық талдау қылмыстарды криминалдық виктимологиялық көріністері бойынша жүйелейтін түрлі және топтық белгілерден шыға отырып, қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығын анықтауға, дәлелдеу процесінің тактикалық және стратегиялық құралдарын қамтамасыз етуге, қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және ескерту әдістемесін әзірлеуге ықпал етеді. Күш қолдану қылмыстарын талдау күш қолдану қылмыстарында виктимологияның бар екенін куәландырады. Әдебиетте жіктеу негіздері атап көрсетілген: әскери қылмыстардың, терроризмнің, кепілге алудың, адам ұрлаудың виктимологиясы, пайдакүнемдік, пайдакүнемдік-зорлық бағыттағы виктимология; ювеналды, пенитенциарлы виктимология және т.б. [81, 304 б.].

Күш қолдану қылмыстарын виктимологиялық талдау жәбірленушінің қылмыс жасалған кездегі рөлін, оның қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру барысында ақиқатты анықтауға қатынасын, қылмыскерге қатынасын ашады, жәбірленуші қылмыстың салдарын, ол тергеп-тексеру барысында көздеген мақсаттарын қалай бағалайтынын көрстеді. Дәлелдеу субъектілерінің іздеу-тану қызметі барысында осы мәселелерді шешуі криминалдық оқиғаның жағдайлары мен мән-жайларын ашады. Сонымен, күш қолдану қылмыстары жасалған кезде өзара әрекет етудің криминалдық оқиғасының анықтаушы факторлары қылмыстық әрекет механизмінде жанжалдық өзара әрекетті анықтайтын өзара әрекет субъектісі ретінде, қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде жәбірленушінің жеке виктимлігі болып табылады. Жанжалды қалыптастыру және дамыту өзара әрекет етудің криминалдық оқиғасы субъектілерінің, яғни құрбан мен қылмыскердің, қоршаған ортаға жеке қатынасымен анықталатын қарама-қайшылықтардың болуына байланысты болады.

«Құрбан-қылмыскер» жүйесі қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығын белгілей отырып, қылмыстық әрекет механизмінде өзара әрекет ету криминалдық оқиғасының жағдайларынан және мән-жайларынан көрінеді. «Құрбан-қылмыскер» жүйесі өзара әрекет ету субъектілерінің: жәбірленушінің жеке басы мен қылмыскердің жеке басының мінез-құлық белсенділігінен көрінеді. Аталған жүйеде анықтайтын негіз жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқы болып табылады, осыған байланысты ол қылмыстық әрекет механизмінде жанжалдық өзара әрекет тәсілі ретінде қаралады. Демек жәбірленушінің жеке виктимдігін қылмыстық әрекет механизмінде «субъектілі-субъекттік», «субъектілі-объекттік» қатынастарды қалыптастырудан және дамытудан көрінетін жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқы жанжалдың қалыптасуы мен дамуының жағдайлары мен мән-жайлары болып табылады.

Виктимдік мінез-құлық жанжалдық өзара әрекет тәсілі ертінде қылмыстық әрекет механизмін азғыратын, ықпал ететін факторларды белгілеу арқылы анықтайды, оларды тану тергеп-тексеру процесінде қылмыстық әрекет субъектісінің шынайы ниеті туралы ақпарат береді, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеген кезде, бұлтартпау шарасын, жазалау шарасын таңдаған кезде, жазалау жағдайларын анықтаған кезде маңызды және өзекті болып табылады.

Жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқын зерттеу мен зерделеудің қылмыс себебін анықтаудағы рөлін атап көрсеткен жөн, мысалы, алдауды, адал еместікті анықтауға ықпал ететін жұбайлардың, көңілдердің бірінің өмір салтын зерделеу қылмыс жасау себебі туралы – қызғануға байланысты деген нұсқаны ұсынуға және тексеруге негіз болады. Гомосексуалист жәбірленушіге қатысты қылмыс жасалған кезде сексуалдық себепке байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаны туралы нұсқа ұсынылады және тексеріледі.

Тұрмыстық салада әйелдердің отбасы өмірінде күйеулерінің, көңілдерінің тарапынан ұрып-соғуға, зорлық-зомбылыққа енжар мінез-құлқы теріс-жағымсыз эмоцияларының ұзақ уақыт бойы жиналуы нәтижесінде сыртқа шығуына әкеп соғады, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың физиологиялық аффект күйінде жасалуын сипаттайды, сөйтіп қылмыстың қозғаушы-реттеуші механизмі анықталады. Жәбірленушінің қызмет саласы да қылмыс жасаудың қозғаушы-реттеуші механизмінің қалыптасуына әсер етеді, мысалы, «ықтимал» құрбандар, кәсіби парызын атқарғаны үшін – бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлері, депутаттар, қоғам қайраткерлері, сот әділдігінің қызметкерлері және т.б.

Жәбірленушінің кәсіби қызметі қылмыс оқиғасының мән-жайларын анықтаған кезде көре алмаушылық, кек алу, пайдакүнемдік себептерді анықтай келе, аталған қызметпен байланысты себептер туралы нұсқаларды ұсынуға және тексеруге ықпал етеді. Мысалы, қорқытып алу жасалған кезде заңға бағынатын өмір салтын жүргізетін (банктер, кәсіпкерлер және т.б.), өз кәсібінен белгілі бір табыс табатын жәбірленушілер қылмыстық қол сұғушылық объектісі болады, яғни мінез-құлық виктимдігі жәбірленушінің,

сондай-ақ құқыққа қарсы өмір салтын жүргізетін адамдардың кәсіби қызметімен анықталады. Жәбірленушілердің бірінші санаты құқық қорғау органдарына жүгіне алады, алайда қорқытып алушылардың тарапынан кек алу болады деп қорыққандықтан жүгінбейтін жағдайлар жеткілікті кездеседі, себебі соңғылары өлтіру қаупін, денсаулыққа зиян келтіруді, мүлікті жоюды, құрбандарды, олардың туысқандарын ұстап алуды, оларды азаптауды, құнын төлеп босату мақсатында балаларды ұрлауды жиі қолданады. Барлық осы әрекеттер мұқият дайындықпен жүзеге асады: арнайы құралдар, азаптау құралдары, қару сатып алынады, құрбандарды ұстау орындары анықталады. Сонымен қатар дайындық әрекеттері болашақ құрбандарға қатысты әшкерелейтін материалдарды жинау болып табылады. Аталған осы механизмдер А.Н. Ахпановтың, В.И. Андреевтің жұмыстарында қылмыстық процестке қатысушылардың қауіпсіздігі мәселелерін қарастырғанда көрсетілген. А.Н. Ахпанов пен В.И. Андреев жүргізген құқық қорғау органдары қызметкерлерінен сауалнама алу нәтижелері бойынша қылмыстық процеске қатысушылар санаттарынан аса қауіпке ұшырайтындары жәбірленушілер, тергеушілер, куәлар болып табылады. Жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқа да қазақстандық ғалымдар да қарастырған (А.Я. Гинзбург, Б.А. Салаев). Жәбірленушілердің екінші санаты өз әрекеттері құқыққа қарсы болғандықтан құқық қорғау органдарына жүгінбейді. Қозғаушы-реттеуші белгілер туралы нұсқаны ұсынғаннан басқа кәсіби қызмет, жәбірленушінің тіршілік әрекетін анықтайтын белгілердің бірі ретінде, оған тән жеке қасиеттерін ашады, бұл осы критерий бойынша кәсіби-виктимдік типті бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл типті Д.В. Ривман бөліп көрсетеді, ол бұл жүйеде қылмыс құрбанының келесі типін ұсынды: әмбебап (әмбебап-виктимдік), іріктеуші (іріктеуші-виктимдік), оқиғалық (оқиғалық-виктимдік), кездейсоқ (кездейсоқ-виктимдік). Ұсынылған типология онда құрбанның мінез-құлық көріністері қылмыстық әрекет механизмін анықтайтын себеп-салдарлық қатынастардың тұрақты процесінен көрінетіндіктен назар аударуға лайық.

Алаяқтық әрекеттер жасалғанда олардың механизміне жәбірленушінің сараңдық, оңай олжаға әуесқойлық, құмарлық сияқты жағымсыз қасиеттері қосылады. Соның ішінде, алаяқтар өздеріне әріптестікке бұл істің этикалық жағынан ешқандай қысылмастан, «сенгіш аңқауды» алдап кетуге қарсы болмайтын адамдарды таңдайды. Қылмыскерлер «лайықты» күйеу бала болып әрекет еткен кездегі алаяқтық жағдайлар белгілі. Бұл жерде әйелдердің жеңілтектігі, тәжірибесіздігі ғана емес, сонымен қатар «орнығу», өмірден жақсысын алу ниеті іске қосылады. Демек жәбірленушілердің жеке өзінің қасиеттері, олардың субъективті мүмкіндіктері, қабілеттері жанжалдық өзара әрекет тәсілін сипаттай отырып, қылмыс жасалған кезде белгілі бір жағдайларда көмектеседі.

Сонымен, біз жәбірленушінің қоршаған ортамен өзара әрекет ету тәсілі ретінде қарастырып отырған виктимдік мінез-құлық өзара әрекет жағдайында қылмыстық әрекет субъектісін субъектілік бағытты іске асыруға ықпал ететін,

азғыратын жеке өзінің қасиеттерінен көрінгендіктен жанжалдық өзара әрекет механизмін анықтайды. Виктимдік мінез-құлық жәбірленушінің мінез-құлық тәсілі бола отырып, қылмыстық әрекеттің анықтаушы факторын белгілей отырып, жанжал оқиғасының мән-жайымен анықталады. Қылмыстық әрекет механизмінің анықтаушы факторы – бұл қылмыс жасауға себептен көрінетін өмірлік жағдайдың мән-жайы. Жеке адамның қалыптасуы мен дамуының жағдайлары мен мән-жайларына байланысты өмірлік жағдайдың мән-жайы қылмыстық әрекет субъектісінің субъективтік бағытын іске асырудың объективті-субъективтік факторлары болып табылады. Қылмыс оқиғасының объективті-субъективтік факторлары жәбірленушінің мінез-құлқының виктимдігін анықтайды.

Жәбірленушінің мінез-құлқының виктимдігі тұлғааралық қатынастардан көрінеді, олардың сипаты тілдесу, байланысу кезіндегі субъектілердің өзара байланысына; объектілердің, заттардың, құбылыстардың өзара байланысына қатысты болады. Тілдесу, байланысу кезіндегі субъектілердің өзара байланысы ұзақ жанжалды немесе қысқа мерзімді, жанжалсыз қатынастар сипатында болуы мүмкін, олар қылмыстық әрекет механизмінде (жәбірленуші мен айыпталушы) өзара әрекет субъектілерінің жеке өзінің қасиеттерінен тұрақты көрінетіндіктен өзара әрекет етудің тұлғааралық жағдайында қылмыстық әрекет субъектілерінің белсенділігін анықтаған оқиғалық мән-жайларынан табылады. Демек өзара әрекет етудің тұлғааралық жағдайы қылмыстық әрекет механизмін объектіге, затқа, субъектіге субъектілік қатынастың тұрақты көріністерімен анықтайтын объектілердің, заттардың, процестердің және субъектілердің өзара әрекет етуінің заңды процестеріне байланысты болады.

Өзара әрекет етудің тұлғааралық жағдайында субъективтік қатынас олардың тұлғааралық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға рөлдік қатысуын белгілеген өзара әрекет ететін субъектілердің жеке белсенділігінің көрінуінің тұрақты нысандарынан байқалады. Сондықтан біз өзара әрекет етудің тұлғааралық жағдайын әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың қалыптасуы мен дамуының кеңістік-уақыт келешегінде орта жағдайларын көрсете отырып, тұлғааралық қатынастардың сипаты туралы ақпарат беретін, жеке адамның қоршаған ортамен өзара әрекетінің тұрақты нысанын білдіретін модельдік жүйе ретінде қарастырамыз. Өзара әрекет етудің тұлғааралық жағдайы қылмыстық әрекет механизмін қылмыс оқиғасының мән-жайларынан көріне отырып, объективті-субъективтік сипаттың жағдайларымен анықталады.

Өзара әрекет етудің тұлғааралық жағдайы күш қолдану қылмыстары жасалған кезде тұлғааралық жанжалдың қалыптасуы мен дамуының жағдайларымен және мән-жайларымен сипатталады, олар жәбірленушілердің жыныстық азғындаушылығы, есірткі заттарын және алкогольдік ішімдіктерді қабылдауға бейімділігі, сараңдығы, деспотизмі, агрессиялылығы, өрескелдігі, қорқақтығы, қаталдығы, енжарлығы сияқты адамгершілік-психологиялық ерекшеліктері болып табылатын азғындайтын, ықпал ететін факторларға байланысты болады. Виктимдік мінез-құлықтың негізін құрайтын

жәбірленушінің адамгершілік-психологиялық сипаттамасы күш қолдану қылмыстарын жасау тәсілдері мен нысандарын белгілейді (кісі өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, жыныстық қылмыстар).

Оқиғаға қатынасының агрессиялы тәсілінен көрінетін жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқы өзара әрекет етудің жанжалдық сипатын анықтайтын қылмыс жасаудың азғыратын факторы болып табылады. Р.А.Бэрон, Д.Р.Ричардсон, агрессияның мазмұндық негізін сипаттай келе, оның детерминантасы ретінде азғыруды қарастырады, ол заңды түрде қарсы шабуылға дайындығына кері әрекет, ал ауызша азғыру кезінде дене шабуылын тудырады. Осыған байланысты жанжалдық өзара әрекет механизмі күш қолдану, пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыстары жасалған кезде азғыратын мән-жайға байланысты болады, ол субъектілердің субъектілік бағыты салдарынан мақсатқа жетудің күш қолдану тәсілін пайдаланумен сипатталатын жәбірленушінің агрессиялы мінез-құлқы болып табылады. Күш қолдану қылмыстары жасалған кезде субъектілердің жанжалдық өзара әрекетке бағыты қаталдық сияқты жеке адамның қасиеттерінің көрінісімен де анықталады, ол мінез-құлықтың себептік негізі болып шығады, А.Р.Ратинов оны субъектінің психологиялық қорғаныстың әрекет етуі және өзін-өзі оңалтуы нәтижесінде әбден шынайы және моральды әділ жағдай ретінде қабылдап, бағалайынан қаталдық көрінісіне психологиялық дайындық ретінде ашады.

Жанжалдық өзара әрекет механизмі пайдакүнемдік-күш қолдану (ҚР ҚК 191, 192, 194-баптары), күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтары (ҚР ҚК 99, 106, 120, 121-баптары) жасалған кезде тым жеке мүдделерінен шыға отырып, мақсатқа жетуге қылмыстық әрекетті жүзеге асыруға бағытталған жеке адамның қажеттілік-себептік саласына байланысты тұлғааралық жанжалдармен анықталады. Жеке адамның қажеттілік-себептік саласы аталған пайдакүнемдік-күш қолдану және күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтары жасалған кезде қылмыстық әрекет субъектісінің қол сұғушылық объектісіне күш қолдану тәсілімен әсер етуін қолдануға бейімділігімен, дайындығымен сипатталады. Қылмыстық әрекет субъектісінің күш қолдану әдістерін, тәсілдерін қолдануға осындай бейімділігі, дайындығы жанжалдық жағдайдың қалыптасуы мен дамуын анықтайды, мұнда жәбірленушілердің азғыратын, ықпал ететін әрекеттері виктимдік мінез-құлықтың адамгершілік-психологиялық ерекшеліктерінен: агрессиядан, сараңдықтан, менменшілдіктен, атакқұмарлықтан, бейімделгіштіктен байқалады. Олар оқиғалық мән-жайлардан табылады, жанжал оқиғасын қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығын белгілеуді қамтамасыз ететін объективті-субъективтік сипаттағы шынайы нақты жағдайлармен анықтайды.

Жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқы, қылмыстық әрекет механизміндегі жанжалдық өзара әрекет тәсілі ретінде, қылмыскерге әсер ететін және оның құқыққа қарсы әрекет етуіне батылдығын тудыратын, криминалдық оқиғаның жағдайларын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Өзара әрекет ету механизмінде азғыратын және ықпал ететін

факторлардан, қылмыстық әрекет субъектісімен жанжалдық өзара әрекетті анықтайтын нақты мән-жайлардан көрінетін жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқы криминалдық оқиғаның шарты болып табылады. Осыған байланысты жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқы себеп бола отырып, тұлғаралық қатынастың қалыптасу және даму процесін көрсететін қылмыстық әрекет механизмінде жанжалдық өзара әрекет шарты болып табылады.

Дәл осы жәбірленушінің азғыратын және ықпал ететін факторлармен жанжалдық өзара әрекет ету тәсілі, жоғарыда атап өткеніміздей, оқиғалық мән-жай – қылмыстық әрекет субъектісінің бағытын іске асыруға түрткі болған өмірлік жағдайдың элементтерінің бірі болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде виктимологиялық талдауды процестік дәлелдеу құралдарын жүргізу кезінде ұйымдастырушылық, коммуникативтік, реконструктивтік, куәландыру және іздеу міндеттерін шешу арқылы қылмыстық сот ісін жүргізуде объективті ақиқатты анықтау үшін жәбірленушінің жеке басын зерттеу және зерделеу әдісі ретінде қараған жөн. Жәбірленуші, қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығында өзара әрекет ету субъектісі ретінде қылмыстық әрекеттің сипаты туралы, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау, жасыру жағдайлары мен мән-жайлары туралы, тергеп-тексеруге қарсы әрекет ету туралы ақпарат алу дереккөзі болып табылады.

Осыған байланысты тергеп-тексеру барысында процестік дәлелдеу құралдары арқылы қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығы туралы ақпарат алу үшін жәбірленушіден жауап алынады, ол дәлелдеуге жататын мән-жайларды, жәбірленушінің өзінің қылмыстық әрекет механизміндегі рөлін анықтауға мүмкіндік береді, себебі жәбірленуші қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде нақты деректерді анықтау дереккөзі болып табылады.

Жәбірленушіден жауап алу процестік дәлелдеу құралы ретінде жауап алуды қылмыстық әрекеттің барлық мән-жайларын жан-жақты, толық қамтуын қамтамасыз ететін этикалық және моральдық нормаларға сәйкестікт, заңдылық талаптарын сақтаумен өткізудің тиімді өқралдары мен тәсілдерін талап етеді. Толық, әділ және дұрыс ақпаратты алудың тиімді құралдары мен тәсілдерін анықтау жәбірленушіні өзара әрекет субъектісі ретінде зерттеуге және зерделеуге, тілдесу, сұхбат жүргізу үшін бағытты анықтауға, жауап алу барысында психологиялық байланыс орнатуға байланысты, олар дәлелдеу субъектілерінің іздеу-тану әрекеті барысында өзі таңдаған позицияны ашуға ықпал етеді. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, тергеп-тексеру және ескерту барысында жәбірленушінің мінез-құлық көріністерін болжау криминалистикалық міндеттерді шешу үшін жәбірленушінің ақпараттық жүйелендіру негізін анықтайтын жәбірленушінің жеке басын, қылмыс жасаудың, жасырудың жағдайлары мен мән-жайларын зерделеуге және зерттеуге байланысты болады.

Осыған байланысты ақиқатты анықтау үшін таңдалған позицияға, қатынасына байланысты жәбірленушінің тұрақты мінез-құлық көріністерін атап көрсеткен жөн:

- барша тергеп-тексеру процесі бойы белсенді көмек көрсететін субъектілер;

- өзінің белгілі бір мақсаттарына жеткенше тергеу органдарына белсенді көмек көрсететін субъектілер (материалдық зиянды өтеу, ұрланған мүлікті қайтару, кінәлі адамдарды ұстау);

- тергеу процесінде бейтарап (пассивті) позицияны ұстанатын субъектілер;

- қылмысты ашпау және кінәлі адамдарды анықтамау немесе өзінің қылмыстық құқық бұзушылық генезисіндегі рөлін жасыру мақсатында тергеп-тексеру органдарына қарсы әрекет ететін субъектілер;

- тергеп-тексеру процесінде субъективті және объективті факторлардың әсерімен өз позициясын ішінара және толықтай өзгертетін субъектілер [82, 156 б.]. Жәбірленушінің дәлелдеу процесінде виктимологиялық талдауды қолдану арқылы қылмыс оқиғасына жеке қатынасын анықтай отырып, дәлелдеу субъектілері дәлелдемелерді жинау мен ұсынудың тиімді құралдарын белгілейді, яғни виктимологиялық талдау дәлелдеу процесін тактикалық қамтамасыз ету тәсілі ретінде қарастырылады.

Тергеп-тексеру барысында жәбірленушінің позициясы дәлелдеу барысында оған әсер етудің тактикалық құралдары жүйесін белгілейді. Мысалы, жәбірленушінің тарапынан белсенді көмек көрсетілген кезде жан-жақты және толық айғақтар алу мақсатында жауап алушының айғақтарын ұсынылған дәлелдемелерге де, олармен байланысты мән-жайларға да қатысты нақтылауға және талдап тексеруге бағытталған тактикалық тәсілдер қолданылады. Қолда бар дәлелдемелермен байланысты істің мән-жайына қатысты жауап алушының айғақтарын нақтылаған кезде заттай дәлелдемелер, әсіресе құжаттар ұсынылады. Жауап алу кезінде айғақтарды нақтылау мақсатында жауап алушының және с бойынша өтетін басқа да адамдардың бұрынғы айғақтары келтірілуі мүмкін.

Жауа алынатын адамды дұрыс жаңылыстырған кезде дәлелдемелерді қолдануға бағытталған тактикалық тәсілдер қолданылады. Жауап алынатын жәбірленушіні, сондай-ақ куәні жаңылыстыру жауап алуда айғақтарды еске түсіру кезінде есте сақтаудағы кемшіліктерден арылумен байланысты. Ұмытылған жағдайды еске түсіруде ассоциациялық әдіс ерекше рөл атқарады, мұнда үш тип бөлінеді: шектестігі, ұқсастығы және кереғарлығы бойынша. Шектестігі бойынша ассоциациялар уақытта, кеңістікте, себептік байланыста, жекелеген жағдайларда туындайды, эмоциялық қобалжу шектестігі бойынша ассоциациялар мүмкін (тек жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу кезінде). И.П. Павлов ассоциациялардың туындауын екі қоздырғыш бір уақытта (немесе ретімен бірінен соң бірі) үлкен ми сыңарының қабығына әсер еткенде, қоздыру ошақтарының арасында жүйке байланысы пайда болады деп атап көрсетті.

Бұдан әрі бас ми қабығында бір ошақты қоздыратын бір қоздырғыш тірілгенде, онымен бір уақытта, ассоциация бойынша онымен байланысты екінші ошақ та қозады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бұрын қабылданған мән-жайларын ұмытуға негізделген кемшіліктер мен дәлсіздіктерді жою үшін тергеу практикасында бірнеше тәсіл қолданылады:

- жауап алынатын адамға ассоциацияларды жандандыратын сұрақтар қою;
- шектес оқиғалар мен мән-жайларды қарастыру;
- дәлелдемелер ұсыну;
- оқиға орнында жауап алу;
- беттестіруді өткізу.

Шынымен жаңылысқан адамдардан жауап алу кезінде ассоциациялы байланыстарды қалпына келтіру үшін қолданылатын ең кең таралған тактикалық тәсіл заттай дәлелдемелерді және құжаттарды ұсыну болып табылады, олардың маңызы көрнекілігімен және мақсатқа сайлығынан шыға отырып, жәбірленушінің және куәнің жаңылысуын болдырмау үшін көрсету мүмкіндігімен анықталады.

Ассоциациялы байланыстарды жандандыру тәсілдері жауап алынатын адамға тергеу үшін қызығушылық тудырған мән-жайлармен байланысты сол немесе өзге де заттарды қайталап көрсету үшін ұсыну болуы мүмкін. Заттар ұмытылған жағдайды еске түсіру үшін өзінше бір себеп болуы мүмкін. Тергеушінің ұсынысы бойынша жәбірленушінің белгілі бір оқиғаны, сөз болып отырған оқиғаға қатысушылардың орналасу сұлбасын немесе қандай да бір объектінің жоспарын графикалық бейнелеу осы мақсатты атқаруы мүмкін [83, 208 б.].

Оқиға орнында жауап алу да жауап алынатын адамның тергеп-тексеріліп жатқан оқиға болған жағдайды қабылдауы арқылы ассоциациялы байланысты жандандыру құралы болып табылады. Оқиға орнында жауап алуды ұйымдастыру кезінде дәлелдеу субъектілері жәбірленушінің жеке басының қасиеттерін зерттеп, зерделеу керек, себебі жауап алу кезінде жәбірленуші қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде жауап алу кезінде кешетін эмоциялық қобалжудың – қорқудың, стрестік жай-күйінің, депрессияның және т.б. әсерінен айғақтарын көрсете алмауы мүмкін.

Күшті жігерлі қасиеттері, эмоциялық саланың тұрақты көрінісі бар жәбірленушілерде оқиға орнында жауап алынған кезде қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жағдаймен өзара әрекет еткенде жадындағы қылмыс жасалған жағдайлар мен мән-жайларды еске түсіру қасиеті жанданады, бұл дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау барысында олардан дұрыс, толық және әділ ақпарат алуға оң әсерін тигізеді. Оқиға орнында жауап алу туралы шешім жәбірленушінің жеке басының қасиеттерін зерттеп, зерделеуге байланысты қабылданады, бұл объективті-субъективтік сипаттағы кедергілерден өту үшін қолайлы жағдай туғызатын, жауап алу кезінде

психологиялық байланыс орнату арқылы тактикалық әсер ету құралдарын анықтайды.

Шектеулі мән-жайлар тобы бойынша қайталап жауап алу реминисценция әдісін қолдануға негізделеді, ол аударғанда «еске түсіру» деген білдіреді, психологияда бастапқыда есте қалған жағдаймен салыстырғанда жадында сақталған материалды толық және дәл көрсету болады. Айғақтарды қайталап көрсету кезінде жауап алынатын адам бірінші жауап алу кезінде естен шығарылған және ұмытылған фактілерді еске түсіруі мүмкін, сөйтіп қылмыстық сот ісін жүргізуде ақиқатты анықтауға ықпал ете отырып, айғақтарындағы кемшіліктердің, дәлсіздіктердің орнын толтыра алады. Қайталап жауап алуды тактикалық тәсіл ретінде қолдану қылмыстық процеске қатысушылардың айғақтарын қалыптастырудың нақты жағдайлары мен мән-жайларына және қылмыстық әрекет механизмі туралы ақпарат алу барысында оларды көрсетуге байланысты болады.

Жалғанды анықтауға және жасырғанды еңсеруге ықпал ететін жәбірленушіден жауап алудың тактикалық тәсілдері нақтылайтын, талдап тексеретін және бақылау сұрақтарын қоюмен байланысты. Сұрақтар жәбірленушінің айғақтары мен істе бар мәліметтердің арасындағы ішкі қарама-қайшылықтарды жою керек, сондай-ақ мыналарды:

- қылмыскер мен жәбірленуші арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын;
- қылмыстық қол сұғушылықтың өту динамикасын;
- қылмыстың алдында болған ауызша тілдесу мен әрекеттерді нақтылауда;
- қылмыс жасауға әкеп соққан басты себепті анықтауды нақтырақ көрсету қажет [84, 46-51 б.].

Жәбірленушінің жалған айғақтарын әшкерелеудің тағы бір тиімді тәсілі дәлелдемелерді ұсыну болып табылады. Жәбірленушілер үшін беделді куәлар мен куәгерлердің айғақтары, сараптама қорытындысы, қарау, куәландыру хаттамалары және т.с.с. ерекше маңызға ие болады. Дәлелдемелерді ұсынудың бұл тәсілі жауап алынатын адамдар барлық фактілерді емес, тек олардың бір бөлігін, оның ішінде кінәлі адамның жауапкершілігін не ауырлататын, не жеңілдететін ақпаратты жасырған жағдайларда тиімді болып табылады.

Жауап алынатын адамдарға әсер етудің маңыздылығы кем емес басқа тактикалық құралы беттестіру болып табылады. Беттестіру тактикасы жауап алынатын адамның айғақтарындағы қарама-қайшылықтарды жоюға бағытталған. Беттестіру үнемі жанжалды оқиғаларда, ақпаратты жасыруға мүдделі адамдардың тарапынан белсенді қарсылық көрсетілген кезде өтеді, одан өту үшін дәлелдеу процесінде ұйымдастырушылық, іздеу, коммуникативтік, куәландыру және қайта құру міндеттерін шешу қажет.

Өзара әрекет субъектілерінің қылмыс оқиғасына қатысты айғақтарының арасында елеулі қарама-қайшылықтар болған олардың жеке белсенділігінен шыға отырып, беттестіруді өткізу орны мен уақытын таңдаумен байланысты

беттестіруді өткізуге дайындық ұйымдастырушылық сипаттағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Өзара әрекетке қатысушылардың жеке белсенділігі қарама-қайшылықтарды жою барысында таңдап алынған мінез-құлық тәсіліне тікелей әсер ететін психофизиологиялық процестер, психологиялық факторлар көріністерінің жеке өзіндік қасиеттеріне байланысты болады.

Жәбірленушінің, күдіктінің және басқа да қылмыстық процеске қатысушылардың жеке өзіндік қасиеттерін зерттеу және бағалау олардың мінез-құлқын, болжанған барысын және беттестіру өткізу тәртібін модельдеуге, дәлелдемелерді ұсыну жағдайлары мен мән-жайларын, жағымды да, жағымсыз да салдардың туындауын бағалауға ықпал етеді. Аталған тактикалық сипаттағы міндеттерді анықтау жәбірленушілердің, куәлардың, айыпталушылардың және күдіктілердің айғақтарындағы қарама-қайшылықтарды жою үшін дәлелдеу субъектілерінің мінез-құлқының тиімді тәсілін таңдауға әсер етеді.

Сонымен, беттестіруді өткізуді ұйымдастыру:

- беттестіру мәнін анықтаудан; яғни анықтауға жататын даулы міндеттемелер тобынан;
- сұрақтар тобын анықтаудан, сұрақтарды тұжырымдаудан; олардың ретінен;
- сол немесе өзге де фактілерді дәлелдеу үшін материалдарды дайындаудан;
- беттестіруге қатысушылардың өзара қарым-қатынасын зерделеуден, олардың бір-біріне әсер етуінен, беттестіруге қатысушылардың мінез-құлық көріністерін болжаудан;
- дәлелдеу субъектілерінің тактикалық желісін анықтаудан тұрады – беттестіруді өткізуді кешіктіру кенеттік сипатының жойылуына әкеп соғуы мүмкін; екінші жағынан, беттестіруді күні бұрын өткізу дәлелдемелерді жоғалтуға әсерін тигізеді.

Беттестіруді өткізген кезде мына жағдайларда қолданылуы мүмкін дәлелдемелерді ұсыну қиын жағдай болып табылады:

- шыншыл қатысушының айғақтары мазмұны бойынша едәуір кең болып табылады және барлық қылмыс оқиғасын немесе оның барлық маңызды мән-жайларын қамтиды;
- тергеушіде шыншыл қатысушының айғақтарының негізгі жағдайларын растайтын дәлелдемелер жиынтығы болады;
- тергеушіде шыншыл қатысушы өзінің моральдық-адамгершілік қасиеттеріне және тиісті мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты беттестіру өткізілген кезде жалған айғақтарды әшкерелеуге бағытталған белсенді шабуылдау позициясын ұстанады деген сенімділік бар.

Сөйтіп, беттестіруді табысты өткізу, ең алдымен, араларында қылмысты жасауға, жасыруға, тергеп-тексеруге қарсы әрекет білдіруге ықпал ететін себептерге, жағдайлар мен мән-жайларға байланысты қарама-қайшылықтар туындайтын қылмыстық процеске қатысушыларға тактикалық ықпал ету

құралдарын анықтауға байланысты болады. Оларды қылмыстық әрекеттің сипатын өзара әрекет ететін объектілердің, заттардың және субъектілердің себеп-салдарлық қатынастарымен анықтаған өзара әрекет ету субъектілерінің жеке өзіндік қасиеттерін зерттеп, зерделеусіз анықтау мүмкін емес. Қылмыстық әрекет механизмінде себеп-салдарлық қатынастарды анықтау процестік дәлелдеу құралдарын жүргізу барысында дәлелдемелік ақпаратты жинау, зерттеу, бекіту, ұсыну әдістері мен тәсілдерін ашатын жеке адамның, оның мінез-құлқы мен әрекетін жүйелеп зерттеуге байланысты болады.

Сонымен, белгілі бір қорытынды жасауға болады.

Жәбірленушінің жеке басы қылмыстық әрекет механизмінде себеп-салдарлық қатынастарды белгілеуді анықтаушы негіз ретінде қаралады.

Жәбірленушінің жеке басы қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде және криминалдық оқиғада өзара әрекет ету субъектісі ретінде із қалдыру механизмінде көріне отырып, қоршаған ортаға белгілі бір өзгерістер енгізеді.

Жәбірленуші қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде және қылмыстық әрекет механизмінде өзара әрекет ету субъектісі ретінде қылмыс оқиғасының себеп-салдарлық қатынастары туралы ақпарат беретін даралық, талғамдық және басымдық қасиеттерінен көрінеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының себеп-салдарлық шарттастығында жәбірленушінің рөлі оқиғаның ықпал ететін және азғыратын факторларын анықтай отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау, жасыру жағдайлары мен мән-жайларын құру болып табылады.

Жәбірленушінің виктимдік мінез-құлқы қылмыс құрбанын қылмыстық қол сұғушылық объектісі ретінде және өзара әрекет ету субъектісі ретінде белгілейтін тұлғааралық, ішкі тұлғалық қарама-қайшылықтардан көрінгендіктен жанжалдық өзара әрекет ету тәсілі ретінде қаралады.

Қылмыстық әрекет механизмінің жағдайлары мен мән-жайларын белгілейтін жеке белсенділікке негізделген жәбірленушінің виктимологиялық ерекшеліктерінің көрінісіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, тергеп-тексеру және ескерту кезінде зерттеу әдісі ретінде виктимологиялық талдау қаралады.

Виктимологиялық талдау зерттеу әдісі ретінде дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтаудың криминалистикалық құралы болып табылады.

Жәбірленушінің жеке басы қылмыстық әрекет механизмінде оның қылмыскердің қылмыс жасауға ниетінің бағытын қалыптастырудағы рөлін, себеп-салдарлық қатынасын, қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын қалыптастыру мен дамытудағы кеңістік-уақыт факторларын аша отырып, жәбірленушінің жеке өзінің қасиеттерінен көрінеді.

4.2 Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу нәтижесінде алынған дәлелдемелердің рұқсат етілуі және бағалануы

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қорытынды шешімдер қабылдау кезінде мәліметтерді бағалау үшін салыстырмалылықпен, сенімділікпен және жеткіліктілікпен бірге пайдаланылатын дәлелдеменің сапалық мазмұнын анықтайтын дәлелдеменің қасиеті болып табылатыны белгілі. Қылмыстық процесті жүргізетін органдар дәлелдеу субъектілері ретінде әрбір дәлелдемені жоғарыда аталған қасиеттермен салыстыра отырып, сот шешімдерін шығарады, онда қазіргі уақытта дәлелдемелердің рұқсат етілуі туралы мәселелер маңызды және проблемалы болып табылады, бұл сайып келгенде дәлелдемелерді бағалауға әкеледі.

Дәлелдемелерді бағалауға келу үшін заң әдебиеттерінде дәлелдемелердің рұқсат етілуіне қатысты көзқарастарды қарастыру қажет. Мәселен, мысалы, М.С.Строгович дәлелдеудің рұқсат етілуі оның факт туралы ақпарат көзі ретінде осы фактіні анықтайтын құрал бола алатындығы деп жазады. Бұл ретте дәлелдемелерге жол берудің екі шартын бөліп көрсете отырып:

- 1) мәліметтер көзінің заңда көрсетілген белгілі бір шарттарға сәйкестігі;
- 2) осы көздерді заңда көзделген белгілі бір процестік нысандарға кигізу [85, 392-бет].

Л.М.Карнеева рұқсат ету дәлелдемелердің мазмұнына да, нысанына да қатысты және оларды алуға және бекітуге байланысты заңның барлық талаптарының сақталуын куәландыратын белгі екенін атап өтті: тиісті көзден алу; оған уәкілетті субъект дәлелдеу; заңда көрсетілген құралдарды пайдалана отырып [86, 47 — бет].

С.Д.Оспанов рұқсат-бұл дәлелдердің заңға нақты деректерді алу көзіне және оларды жинау ережелерін сөзсіз сақтауға сәйкес келетін қасиеті екенін көрсетеді [87, 175-бет].

